

## Құрметті ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздер біздің өмірдегі жүздеген ауылды дамытып, тұрғындардың өмірін жақсартуға бағытталған ауқымды жұмысты атқарып жүрсіздер.

Ел Президенті Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығы саласының дамуы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер ететінін атап өтті. Сондықтан агроөнеркәсіп кешеніне ерекше көңіл бөлініп, көп қолдау көрсетілуде.

Жыл сайын ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімнің өндірісі тұрақты өсуде. Быыл күрделі жыл болды. Әлемдік дағдарыс ауыл шаруашылығы саласына да айтарлықтай әсер етті. Дегенмен, ауыл еңбеккерлері бұл жылды табыспен аяқтауда. Қазір аймағымызда «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» ұлттық жобасы шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайтуға бағытталған шаралар іске асырылуда. Жыл сайын егіс алқаптары, мал басы және олардың өнімділік қарқыны өсуде. Жаңа технологиялар енгізіліп, минералды тыңайтқыштар мен жоғары өнімді тұқымдар жиі қолданылып, суармалы жерлер айналдырылып, іске асырылып жатқан инвестициялық жобалар есебінен жыл сайын жана жұмыс орындары құрылуда.

Қадірлі ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері!

Сіздердің адал еңбектеріңіз бен мол тәжірибелеріңіз агроөнеркәсіптік кешеннің өсіп-өркендеуіне ықпал ете берсін. Сіздерге зор денсаулық, бақыт және өркендеу тілейміз!

**Ж.ҚАСЫМБЕК,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**С.ӨТЕШОВ,**  
облыстық мәслихаттың хатшысы

## • МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# Алпауыт ауаны ластай бере ме?

**Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Экология министрі Серікқали Брекешев республика өңірлеріне жұмыс сапарын жалғастыруда. Облыс тұрғындарымен және үкіметтік емес ұйымдар мен қауымдастықтар өкілдерімен кезекті кездесу Теміртау шаһарында өтті.

Жасыратыны жоқ, біздің облыс ауаның ластануы бойынша алдыңғы қатарда. Елдегі зиянды шығарындардың шамамен 23 пайызы өндірісті өңірге тиесілі екен. Бұл ретте облыс бойынша шығарындардың 36 пайызы Теміртау қаласының үлесінде. Негізгі ластаушылар «АрселорМиттал Теміртау» мен «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорындары экологиялық талаптарды орындаудан бас тартпағанымен, уақыт еншісіне сілтеуде. Арселордың өкілі Биджу Наир «Жағдайды жақын арада дұрыстап, әлемдік деңгейге жеткіземіз» деуінен әсте танбады. Мысалы, соңғы 5 жылда кәсіпорында жалпы сомасы 32 млрд. теңгеге жуық табиғатты қорғау шаралары жүзеге асырылған. Қаржылық шығындар тұрғысынан бұл – едәуір сома. Алайда, шығарындар небәрі 4 мың тоннаға азайған. Өзге улы газдар мүлде төмендеген. Облыстық экология департаменті жүргізген тексеріс барысында экологиялық заңнаманың өрескел бұзылғандығы анықталды. Атап айтқанда, ауаға таралатын зиянды газ мөлшерінің шектен артуы; тазарту құрылғылары жұмысының тиімсіздігі. Айыппұл сомасы 5,8 млрд. теңгені құрады. Тексеріс құжаттары шешім қабылдау үшін сотқа жолданыпты.

– Құрметті Теміртау қаласының тұрғындары, «АрселорМитталдағы» шығарындарды азайту мәселесі өткір тұр. Біз технологиялық жабықты ауыстыру, ең үздік қолжетімді технологияларды пайдалану қажет деген позицияны ұстанатын боламыз, – деп атап өтті Серікқали Брекешев.

2023 жылға арналған экологиялық рұқсат алуға арналған жобалық материалдар министрліктің қарауында көрінеді. Егер кәсіпорын шығарындарды төмен-



детуді көздемесе, экологиялық рұқсаттан қағылу қаупі тұр.

Тұрғындар наразылығын тудыратын тағы бір мәселе бар. Қатты тұрмыстық қалдықтарды игеру жүйесі жетілмеген. Ғарыштық мониторинг шеңберінде 745 қоқыс үйінділері анықталып, оның 98 пайызы жойылған. Қоқыс үйінділердің пайда болу себептерінің бірі – заңдастырылған қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының болмауы. Мәселен, қатты тұрмыстық қалдықтар орналасатын 168 нысанның тек 37-сі (25%) пайызы экологиялық және санитарлық талаптарға сай. Сондықтан, 2024-2025 жылдар кезеңінде облыстық бюджет есебінен Абай, Балқаш, Қарқаралы қалалары мен Ботақара, Ақдидар, Нұра кенттерінде жана алты қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын құру жоспарлануда.

Кәріз тазарту құрылғыларының да тозығы жетіп тұр. Облыста жеті кәріз тазарту

құрылғысы бар. Көпшілігі су нысандарына бағытталған. Балқаш қаласында, Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Осақаров, Шет ауданында тазарту құрылғылары мүлдем жоқ.

Нұра ауданы өзенді сынаптан тазарту. Бірақ, Теміртау электрометаллургиялық комбинатының кәріз коллекторы сол бетінше жұмыс істеп тұр. Коллекторды кәсіпорын пайдаланбайды. Тасқын кезінде осы коллектордан Нұраға сынап қайта сырғиды. Кәсіпорын өз қаражатына коллектор құрылысының жобасын әзірлеуде. Тек жобалаушыларға «Окжетпес-Т» ЖШС қалалық желі құбыры бойынша бастапқы деректерді беру қажет.

Экология министрі Балқаш көлінің тазалану қаупіне де тоқталды.

– Балқаш көлінің онтайлы деңгейі Балтық жүйесі бойынша 341 метр. Соңғы он жылда көл деңгейі осы белгіден төмен түскен емес. Көлдің тұрақты деңгейде

сақталуына Іле өзенінің Балқашқа жыл сайынғы ағыны 12 текше шақырымнан төмен емес көлемі кепіл. Мұнан өзге «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясында көл арнасына жылына кемінде 12 текше шақырым келу үшін 12 су нысанын тереңдетіп, тазарту, көл бассейніндегі 12 каналды жөндеу жоспары тұр. Қытай тарапымен де су бөлу жөнінде Балқаш көлінің экологиялық жүйелерін дамыту және сақтау мүдделері ескерілетін келісімге қол жетті. Сонымен қатар, Президент тапсырмасы бойынша министрлік топырақ эрозиясын азайту және шөлейттенуді болдырмау мақсатында Балқаштың жағалау сызығын қогалдандыру мәселесін пысықтауда, – деді өз сөзінде Серікқали Аманғалиұлы.

Жыл соңында Қазақстан Республикасы Экология министрі БАҚ өкілдеріне сұхбат беріп, қала тұрғындары мен меймандарын жеке қабылдады.

## • ЕРТЕҢ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

# Импорттан экспортқа: агроөнеркәсіпте әлеует зор

**Нұрқанат ҚАНАШИЯ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Үкімет бір жылдары «аграрияның ауған жүгін түзейміз, кісіге күніміз түспейді» деген мазмұндағы саясатқа бет бұрды. Көсемемізді көгертіп, берекемізді кіргізуі тиіс қыла жоба қанат қақты. Биліктің көздегені – сырттан келетін өнімді сөредерден сырғытып тастау еді. «Кісідегінің кілті аспанда». Өзгеге жауап күйі кімге ұнасын?!

Рас, кейін «орыстың бидайы, өзбектің мақтасы құрыса, күніміз қараң» деп салы суға кеткен шенеунікті көрген ешкім жоқ. Әйтсе де, Атланттың арғы бетінен ет тасу – үш ұйықтасак та түсімізге кірмеген-ді. Мәселен, былтыр Аргентина мен Уругвайдан әкелінген екі мың тонна

жылқы етінен табақ тартыпшыз.

Статистика бұл импортты теңізге тамған тамшыдай көреді. Әр қазақстандық ай біткенше орта есеппен 7 келі етті жеп қойса, екі мың тоннаңыз тістің арасында қалмай ма?!

Дегенмен, мұхит асып, мал тасу – «ежелден мал баққан елге» мін демей көріңіз...

Басқа да мысал жеткілікті. Бірақ, «Өкімет қарап отыр» деп сын айтсақ, ол да жаңсақ. «Жана Қазақстан» импортты азайтып, экспортты еселеуге күш салуда. Жарқын мысалды алыстан іздемейік...



Коллаж жасаған Марал Өйтсекова

➔ 4-бетте

## Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50 12 ай 11697,00	5919,00 11838,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай 3100,50 12 ай 6202,00	3111,00 6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61  
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



## • ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

# Теміржол тынысы – елдің ырысы

Бейсенбі күні Қарағанды облысындағы «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінде екінші жолдың құрылысы басталды. Жоба «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасына енгізілген. Телекөпір режимінде құрылысты бастауға ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов пәрмен берді.



турақты жұмыс орындарымен 500 адам қамтамасыз етіледі. Жобаны іске асырудың жиынтық әсері 20 жыл ішінде бюджетке түсетін түсімдерді қосымша 4,1 трлн. теңге мөлшерінде ұлғайтуға мүмкіндік береді. Құрылысты 2025 жылдың 4-тоқсанында аяқтау жоспарланған.

83 жастағы Құрметті теміржолшы, Жамбыл облысының Құрметті азаматы Қалтай Сәмбетовтің айтуынша, «Достық-Мой-

## Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш-2 станциясында құрылыстың басталуына орай өткен салтанатты рәсімге Қарағанды облысы әкімдігі мен Балқаш қаласының әкімдігі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы, сала ардагерлері, компания құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, мердігерлік ұйымдар мен отандық кәсіпорындар өкілдері қатысты.

– 2021 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізді. Өткен жыл қорытындысы бойынша жүк айналымы 239,3 млрд. тонна шақырымды құрады. Бұл Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығындағы ең жоғарғы тарихи көрсеткіш. Контейнерлік тасымал көлемі 1 миллион ЖФЭ-ден асты. Жалпы, соңғы бес жылда транзиттік контейнерлік тасымал көлемі 4,4 есе өсті. Өткен жылы шекті межеде 1 миллион контейнерлік тасымал жұмыстарын жүргіздік. Бүгінгі күні теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілеті тез өсіп келе жатқан жүк тасымалы көлемін қамтамасыз етуге тежегіш факторы болуы мүмкін. «Тар орындарды» болдырмау үшін ірі инфрақұрылымдық жобаларды: Достық-Мойынты, Бақты-Аягөз, Дарбаза-Мақтаарал, Алматы қаласының айналасында айналма теміржол желілерін салуды іске асыру туралы шешім қабылданды, – деді ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов.

Жобаны іске асыру Мемлекет басшысының отандық өнімнің үздіксіз экспортын қамтамасыз ету және елдің транзиттік әлеу-



етін ұлғайту жөніндегі алға қойған маңызды міндетін шешуге ықпал ететін болады. Бұл ретте 836 шақырымды құрайтын «Достық-Мойынты» теміржол желісінің екінші жолының құрылысы аса маңызды. Оның 320 шақырымы Жетісу аумағынан өтеді. Жоба иелері құрылысқа өңірлік өнімдерді пайдаланбақ. Егер бәрі ойдағыдай болса, тәулігіне жүретін пойыз саны 12-ден 60-қа артады.

Екінші жолдарды салу барысында 419 жасанды құрылыс жүргізілмекші. Атап айтқанда, 5 үлкен көпір, 87 шағын және орта көпір, 288 су өткізгіш құбыр, 14 автожол өткелі сондай-ақ, энергетика, БОБ құрылыстары және байланыс объектілері салынады. Жобаны іске асыру шағын және орта бизнестің дамуына серпін береді. Құрылыста отандық өндіріс материалдарын (шпалдар, рельстер, трансформаторлар және т.б.) пайдалану жоспарлануда. Жергілікті қамту үлесі 80%-дан асады. Шамамен 3700 құрылысшы тартылады. Желіні пайдалануға бергеннен кейін теміржолда

«Мойынты» теміржол желісінің екінші жол құрылысының облыс экономикасына тигізетін пайдасы зор.

– Мен теміржол саласында еңбек еткеніме 64 жылдан асты. Көлік-логистикалық әлеуетін дамыту мен одан әрі кеңейту халыққа өте пайдалы. Осының барлығы экономиканы ілгерілетуге, сол арқылы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға әсер етеді, – дейді теміржол саласының ардагері Қалтай Сәмбетов.

Мамандардың мәлімдеуінше, құрылыстың негізгі мақсаты – болжамды тасымал көлемін есепке ала отырып, резервтік қуаттылығын қамтамасыз ету арқылы Мойынты-Достық-Алашанькоу телимдерінің транзиттік өткізу және өңдеу қабілетін арттыру. Сонымен қатар, транзиттік контейнерлік пойыздардың жылдамдығын тәулігіне 1500 шақырымға дейін ұлғайту болмақ. Құрылыс біткеннен соң Достық-Мойынты телимді электрлендіру көзделуде. Ал, жобаны Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру қарастырылуда.

## • САЛТАНАТ

# Қажырлы еңбектің қайтарымы



Еңбегінің өтеуін төккен тер мен құнарлы жерден сұрайтын аграршылардың мәртебесін асырып, мерейін тасытатын салтанатты жиын әр қарашаның үшінші аптасында өтеді. Дәл осы күні азық-түлік түрлерінің қажетті қорын қалыптастыруға қомақты үлес қосып жүрген сала мамандары түрлі марапатқа ие болып, қосмет-құрметке бөленеді.

## Салтанат ІЛНИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне арнайы ұйымдастырылған шараны облыс әкімі Жеңіс Қасымбек ашып, жүрекжарды лебізімен бөлісті.

– Ауыл – алтын бесік, ауыл – қазақтың күретамыры. Аймағымыздағы жүздеген ауылды одан әрі дамыту мен тұрғындардың тұрмысын жақсарту жолында ауыл шаруашылығы қызметкерлері ауқымды жұмыс атқаруда. Ауыл мәселесін де дұрыс түйсіне алатын да осы сала мамандары. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында ауыл шаруашылығы саласының аяқ алысы елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді деп атап айтқан болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасымен облысымызда агроөнеркәсіп кешеніне ерекше көңіл бөлініп, үнемі қолдау жасалуда. Нәтижесінде, ауыл халқының тұрмыс жағдайы, ауылдық жерлердің әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымы жақсарып келе жатыр, – дей келе Жеңіс Махмұдұлы жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімі тұрақты түрде артып келе жатқанын да айтты.

Жалпы, биыл өте күрделі жыл болды. Ауыл шаруашылығын айналдырған әлемдік дағдарыс

салдарына қарамастан қажырлы еңбек етіп, жылды абыроймен қорытындылаған облыс аграрлары лайықты марапатқа ие болды.

– Құрметті егістіктер мен фермалардың еңбеккерлері, агросервис, дайындау және қайта өңдеу кәсіпорындарының қызметкерлері, сіздердің білімдеріңіз бен баға жетпес тәжірибелеріңіз әл-ауқаттарыңызға және агроөнеркәсіптік кешеннің өсуіне ықпал етсін! Сіздер аймақтың және жалпы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етесіздер. Бұл қажырлы еңбек, – деді Жеңіс Қасымбек құттықтау сөзінде.

Жиында еңбегі еленіп, ерекше көзге түскен сала қызметкерлеріне Ауыл шаруашылығы министрлігінің және Қарағанды облысы әкімінің ведомстволық наградалары, Құрмет грамоталары табысталды.

Сонымен, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі, табысты еңбегі үшін «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісіне Абай ауданынан Кеңшілік Амантай, Бұқар жырау ауданынан Айдын Албақай, Нұра ауданынан Жанбөбек Жақсыбаев ие болды.

Қарағанды облысының ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан жеке үлесі үшін Нұра ауданының «Шахтерское» ЖШС директоры Георгий Прокоп марапатталды. Сондай-ақ, үздік комбайнерлер, қой өсірушілер, жылқы өсірушілер және басқа да мамандардың ерен еңбегі ерекше

аталды. Ал, «Поливное» фермер қожалығының басшысы Абдухат Ибрагимов облыстың үздік көкөніс өсірушісі ретінде танылды.

Бұқар жырау ауданының «Жәке» шаруа қожалығының зооинженері Жанар Мұханова «Үздік мал өсіруші» аталымына лайық деп танылса, Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылдық округінің бас жылқы өсірушісі Әзілхан Тұрлауов «Үздік жылқышы» атанды.

Аграршылардың басты мерекесінде шопандар да назардан тыс қалмады. «Үздік шопан» ретінде Ақтоғай ауданы Нұркен ауылының «Базар» шаруа қожалығының басшысы Марат Кәрімов марапатқа ие болды.

Облыс экономикасында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу басым бағыттардың бірі болып қала береді. Жыл басынан 118 млрд. теңгеге азық-түлік өндірілген. Мереке барысында осы саланың майталмандарына да лайықты марапат табысталды. Мәселен, «Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша үздік кәсіпорын» ретінде «Қарағанды-Нан» корпорациясы танылса, «Майқұдық жұмыртқалары» ЖШС «Жылдың әлеуметтік жобасы» аталымында үздік шықты.

Ал, Абай ауданының «Поливное» фермерлік шаруашылығының басшысы Абдухат Ибрагимов «Үздік көкөніс өсіруші» аталымына лайық болды.

«Картоп жинаудан үздік комбайнер» ретінде «Шанс» шаруа қожалығының комбайнері Александр Старков, ал, «Достық» астық компаниясы» ЖШС механизаторы Александр Стро «Дәнді-дақылдар жинаудан үздік комбайнер» аталымына лайық деп танылды.

Суретті түсірген  
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

## • ДЕНСАУЛЫҚ

# Шала туғандар азайып келеді

17 қараша – Халықаралық шала туған балалар күні болып жана туған балаларды күту жөніндегі Еуропалық қордың бастамасымен 2009 жылы бекітілген. Бұл балаларға деген ерекше көзқарастан қоғамның даму деңгейін көруге болады.

## Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Атаулы күнді облыстық клиникалық аурухананың №1-2 перинаталдық орталығы атап өтті.

– Әлемде әрбір оныншы бала шала туады. Яғни, 37 аптадан бұрын туған балалар. Біздің перинаталдық орталықта 2021 жылы 334, биылғы он айда 252 нәресте дүниеге келді. Көрсеткіш жылма-жыл азайып келе жатыр. Мұны орталықтағы білікті, тәжірибелі мамандардың еңбегі деп айтуға болады. Әрі жүкті әйелді амбулаториялық бақылау күшейгенінің де көп әсері бар. Жалпы, нәрестелердің шала тууына аналардың бойындағы эстрогетальді, яғни жүрек қан-тамыр, созылмалы бүйрек аурулары, түрлі инфекциялық аурулармен сырқаттануы, 18 жасқа толмағандар және 40-тан асқан әйелдермен қатар әлеуметтік жағдайлардың да тікелей әсері болады, – дейді №2 перинаталдық орталық басшысы, жоғары санатты акушер-гинеколог дәрігер Жаркын Нұрқева.

Баланың дүниеге келуі – адам өміріндегі үлкен қуаныш. Мерзімі-



нен бұрын босану ана мен баланың денсаулығына, өміріне қауіп төндіреді. Шала туған нәрестенің негізгі проблемасы – дене салмағының төмендігі, тыныс алу жүйесінің нашар дамуы. Денсаулығы дұрыссталғанға дейін олар ерекше күтім мен медициналық көмекке мұқтаж. Кей жағдайда ата-аналарына да психологиялық қолдау қажет. Бұл мәселелерді шешуде перинаталдық орталық жұмысын жүйелі атқарып келеді.

– Бұл менің төртінші балам.

2019 жылы 24 ақпанда шұғыл осы орталыққа түстім. Кесір тілігі жасалды. 30 аптада дүниеге келді, салмағы 1240 грамм, бойы 34 см болды. Қазір балабақшаға барамыз,

тілі уақытында мықты жетіліп келеді. Салмағы болмаса, ешқандай кемшілік жоқ. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жақсы сөйлейді, – дейді Айжан есімді көпбалалы ана.

Жыл өткен сайын мерзімінен ерте туған балалар санының азаюы еліміздегі медицина дамуының айқын көрінісі. Әрі халықтың әлеуметтік әлеуетінің жақсаруы. Дер уақытында дәрігерлік көмекке жүгінудің де маңызы зор.

Суретті түсірген  
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

## • КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

# Жас кәсіпкер жүн өңдеу цехын ашты

Абай ауданында жүн өңдеу цехы ашылды. Оны Южный кентінің кәсіпкері Дархан Залимбаев іске қосты. Өңдеу кәсіпорнын ашу үшін 24 жастағы кәсіпкер өткен жылы 3 миллион теңге көлемінде несие алған.



## Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осы ақшаға ол сырға жасайтын, жүн өңдейтін станоктар, сондай-ақ, арнайы центрифуга сатып алды. Дархан шикізатты Абай және Шет аудандарының ауыл тұрғындарынан алады. – Цехты іске қоспа бұрын нарықты зерттедім, – дейді Дархан. – Зерттей келе осы істі қолға алуға бел будым, қыста дизельдік техниканы оқшаулау үшін қолданылатын киіз жабындар шығаратын боламыз. Сондай-ақ, табиғи жүннен жа-

салған көрпелер шығару жоспарда бар. Ол түйе жүн көрпелерінің аналогы болады. Бірақ, арзанырақ.

Кәсіпкер әзір аядай ғана бөлмеде жұмыс істейді. Биыл өндірісті кеңейту үшін үлкенірек ғимарат жалға алмақшы. Ол үшін Абай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін дамытуға және қолдауға арналған гранттар конкурсына қатысып, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқудан өтті.

– Аудан әкімінің грантына арналған конкурсқа цехымды кеңейту үшін қатыстым. Одан екі

миллион теңге алып, кір жуғыш машина мен тұту станогын сатып алдым, – дейді кәсіпкер. – Сондай-ақ, жалпы ауданы 320 шаршы метр болатын жаңа ғимарат қарастырып отырмын. Жақында ол жаққа көшеміз. Дайын өнімнің сұраныс нарығы да зерделенді. Іске қосар алдында киіз жабын сатып алуға дайын бірқатар кәсіпорындармен сөйлестім. Ал, көрпелерді базарларға жіберемін.

Әзірге Дарханға туыстары көмектесуде, көктемде бес адамды жұмысқа орналастыруды жоспарлап отыр.

● МӘСЕЛЕ

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

# «Жылқы өсірем десеңіз, жұмылайық!»



Жылқы десек ойға оралары өрлік, асқақтық өзгеден биіктік һәм байлық. Десек те, бүгінгі жылқы бақанның хәлі хандікіндей емес. Жылына бір рет келетін соғым науқаны да аса пайдалы болмай тұр. Елдің бәрі жылқы өсіреді. Кешегі ауыл аралап астындағы арық атыңды пұл еткен алыпсатарлар бүгін әксіленіп алды. Телефонмен саудаласқанды шығарды. Арзанға бермесеңіз, ат арытып алыстан келмейтінін алға тартады. Алыс дегеніміз Түркістан, Тараз, Қызылорда. Жыл сайын Арқа жұртшылығы оларды құда күткендей тосушы еді. Быыл оларға да «жал біткендей».

Ергеден еститініміз баяғының бір байы бүгін ауылды асырағаны. Сол байлардың бизнесіне акциясы немесе битконны болмаса да шалқып өмір сүрді. Өйткені, байығры бай малының тезегі де жерде қалмаушы еді...

Осы мәселені талқылап шешіміне жүгінбекке жылқы шаруашылығын ғылыми негізде зерттеген кәсіпкер-ғалым, экономика ғылымдарының кандидаты, қазақ-неміс «Қымыз» ғылыми-зерттеу институтының директоры Айтұған Мұқашев Арқа жылқы шаруашылығы кәсіпкерлерін жинады. Республика бойынша осы аталмыш бас қосу бастау болмақ. Себебі, мұндай «жылқышылар съезі» ілгеріде болмаса бұрын соңды өтпегенді. Сонымен, Арқаның қазынасына иелік еткен жылқы шаруаларының базынасы қандай екен?

Қамбар ата төлін Тәңір сыйы деп ұққан шаруалардың басты мәселесі ол эрине, жылқы етіне сұраныстың кемуді, мал терісінің өңделмеуі, құйрық-жалдың игерілмеуі және жайылым жердің жетіспеушілігі. Сонымен қатар, етті тұқымды айғырларды қолжетімді бағамен алуы туралы біршама сауалдар ортаға салынды.

– Қазір байқасақ, тері түгілі сойылған малдың ішек-қарынының жартысы итжемеді қалады. Ал, кезінде пұл болған теріге мүлде қарауды қойдық. Сойылып болған соң күресінге сүйреуге дайын тұрамыз. Бір ауылда қазір шамамен бір айда 30-40 бас мал сойылады. Сонда ауымызға қимай баққан адал ақы ма-

лымыздың құнының пұл болар тең жартысы далаға кетуде. Бұрындары әжелеріміз жылқының сүйегіне дейін тастамай жинаушы еді. Көктемде тай-құнан күзегенде құйрық-жалдың бірін қалдырмай теріп-жиып сауын биеге өре, шідер, тұсамыс, құлынға нокта есетін. Қазір осы аталғанның бірі іске аспайды, – дейді «Адал» жылқы шаруашылығының жетекшісі Данияр Бақыжанов.

Жалпыға ортақ мәселені өзге шаруалар да қолдап, қолпаштай жөнелді.

Ауыл жұртшылығын алаңдатқан өзекті мәселе ортаға салынғанда қолпаштамай қайтсін?!  
Сондай-ақ, жер жетіспеушілігі де назарға алынуы керектігі айтылды.

– Қазір ауыл жайылымының жартысын жеке егін шаруашылықтары алып алған. Егінге жылқы қайтсе кіреді. Жылқымыз егін шетіне кірген сайын 30 мыңнан 300 мыңға дейін айыпшұл төледік талай. Кейін дикандар егіннің ауыл жақ шетін тікенек сымтемірмен қоршап тастады. Осыдан кейін жылқы сымға ілігіп мертігі бастады, – деді «Бастау» шаруа қожалығының жетекшісі Ерлан Алиманов.

Жер жетіспеуі де – жылқы өсіргеннің жылда жырданар мәселесі. Бүгінгі таңда бұл – тек жылқышылар

емес, жалпы мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге һәм жабайы аң қорғайтын құзіретті органдарға да ортақ түйіткіл.

Мұнымен мәселе әлі біткен жоқ. Жылқышы қауымды алаңдатқан тағы бір проблема бұл «мұғалжар» жылқысын, яғни, етті жылқы тұқымын өсіруге мүмкіндіктің шектеулі екені.

– Өздеріңіз білетіндей алыс шалғайдағы ағайынның қалаға мал әкел сатар жағдайы әлі толық жетілген жоқ. Қалаға сойып әкелгенде ол ет ойындағы бағаға өте қойса игі. Аманал жок, жалдамалы көлікпен жүрген соң асығыс арзанға өткізуге мәжбүр боламыз. Неге арзан десеңіз? Біздің жылқы тұқымы кәдімгі жабы. Сондықтан болар, қазысы қарыс болса да, қылыш арқа болса да берілетіні бір баға. Ал, ет базарында сұранысқа ие бұл – «мұғалжар» жылқысы. Талайдан бері осы «мұғалжар» жылқысын алуға қанша талпынасқ та, қолға тимей қойды. Сонау «мұғалжар» жылқысының отаны Ақтөбеге барғанда, біресе мал жетпей қалады, біресе құжаттары түгел болмай ақыры алыс жолдан азар-бездер болып, амалсыз бос қайтасын. «Мұғалжар» жылқысының өз құны құнды бие тұрады. Бір жасағайы тайы 800 мың, – деп тағы бір түйіткілді сауал ұсынды «Өркен-

деу» шаруа қожалығының жетекшісі Бидәулет Балтабаев.

Аталған мәселе легін тындаған Айтұған Мұқашев әр сауалға жеке тоқталып, жылқышылар сұрағына кеңінен жауап берді.

– Алдымен ағалар, бауырлар мен сіздерге айтарым біз малға емес, мал-мүлік бізге адамдарға жұмыс жасауы қажет. Ал, біз пайда көріп сол пайда әкелген малдың жағдайын одан сайын жақсартып, үстінен тағы үстемелі пайда көруді көздеуіміз керек. Мысалы, біздің өнімді алып қарасаныз – бір күндік табысым 100 доллар. Сіздер де бөлен үйірден бөлен жылқы бар. Бірақ табыстарыңыз қуанарлық емес...  
Басты мәселе бұл тәуекел етіп, жылқы шаруашылығын ұтымды пайдалана білу, – деді Айтұған Адамқұлұлы.

Айтылған кеңеске қоса шаруалардың жоғарыда қозғаған мәселелеріне шешім де ұсынылды.

– Жылқы еті нарықта сұранысқа ие. Оның бағасы құлдыраған жоқ. Құлдырамайды да. Ал, сіздердің малдарыңыз неге өтпейді десеңіздер, ол құжат жоқтығынан. Қазіргі таңда қазақы жылқыны заңдастыруды ауыл шаруашылық министрі жылқы деген атау болса да құжатты түрде мал тұқымы жоқ еді.

Бұрынғыдай Түркістан, Тараздан алыпсатарлар неге ағылып келмейді десеңіздер, оның да жауабы бар.

Бұрын «алтай» жылқысы мен «мұғалжар» тұқымы дәл қазіргідей қарқынды сұраныста болмаған. Қазір алыпсатарлар сол «алтай» жылқысы мен «мұғалжар» тұқымдарын ғана таңдап алады. Олар алған тай-жабағыларын бір жыл бордақылап екі есе бағасына өткізеді. Мысалы 300 мыңға алып кемінде 500 мыңға сатады. Міне, нағыз сауда. Және біз жылқы еті тек ел ішінде ғана сатылады деген қате пікірден арылуымыз керек. Әлемнің ең ірі мемлекеттерінің бірі Жапония жылқы етіне зәру еді. Олар біздің өнімді біздің нарықтағы бағаның екі-үш есесіне алуға дайын. Егер өнім талапқа сай экологиялық таза өнім болса, – деді Айтұған Мұқашев.

«Мұғалжар» деп құжатсыз арзан бағаға алып келген айғырлардың өзі кейде еш нәтиже бермей жатады. Себебі, селекцияда ғылыми зерттеу жоқ. Кәсіпкер Айтұған Адамқұлұлының да айтағы осы. Жылқы асылдандыруда ең маңызды рөлді ғалымдар атқарады. Айғырды құжатымен сатып алысымен оны үйірге қосқаннан бастап жыл сайын ғалымдар тексерісінде болуы шарт. Олар айғыр қанын сараптап оның құлшындарының қанша пайызы асылтұқымды болатындығын нақтылайды. Расында, айғыр неше жерден асыл болғанымен оның барлық құлығы бірдей асыл болады деу ақылға сыймайды. Бұл да бір сұрағанға тегін кеңес.

Сонымен қатар, жылқы терісі мен құйрық-жалдың, яғни, шикізаттың да іске асатын жолын атап өтті кәсіпкер. Оның айтуынша, жылқыны кәсіп еткен жиналған жұртшылықтың бірігіп әрекет қылуы маңызды. Мысалы барлық жерде бірдей жүзден жылқы айдаған байлар аз.

– Бір үйде 5 жылқы, біреуде 4, бірінде 6 бие болуы мүмкін. Сол кісілер жиналып ортаға қаржы жинап ортақ бір «мұғалжар» айғыр сатып әкел салса. Егер олай жасаймыз десе, біз міндетті түрде қолдау білдіре едік. Мысалы, Ақтөбеде «мұғалжар» тұқымды жылқы сатушыларымен келісіп, алушы мен сатушы арасында ортақ бағаға тоқталып айғыр алсаңыздар соған біз мұрындық болайық. Ол жақта да жылқы үнемі сұранысқа ие деп айтпас едім. Арзандаған уақытында құжатымен қолға түсіруге болатыны жасырын емес. Сондықтан, жылқы өсірем, одан табыс табам десеңіз жұмылу керек. Сол сияқты тері мен жал-құйрықтың да шешімі біреу. Бір ауылда 30-40 мал сойылса араларыңыздан бір адамды таңдап, соған ауыл тұрғындары шикізатын жинап берсе, ол қалаға әкел белгілі бір шикізат алар орынға өткізсе. Сол жерден ол тері өңдеушілердің қолына түсер еді. Өйтпесе, қала өндірістері әр ауылға барып тері алуға мүмкіндіктері жоқ қой. Тері сатудың да өз ережелері бар. Жылқы терісіне қатысты айтсақ, бақайдан жоғары кесіліп алынады. Тері кесілмеуі, тесілмеуі тиіс. Және таза болуы керек. Қазір отандық тері өңдеушілер шикізатты шетелден алуға. Бұған қарап елімізде тері жоқ па деп қаласың, – деп кәсіпкер түйіткілді сауалды түйіндегендей болды.

Бұл бастама жылқыны кәсіп қылғандардың құлағуна майдай жаққаны рас. Олардың ендігі қадамы өзара кеңесіп ауылдан жауапты адам шығару ғана.

Жер дауы бұл ежелден ауыр шаруаларының базынасы. Десек те Мемлекет басшысы биылғы «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі Қоғам» атты Жолдауында бұл мәселенің түбегейлі шешілетін баса айтты. Кәсіпкер Айтұған Мұқашев та Президент Жолдауынан мысал келтіріп жер мәселесінің жуырда шешілетініне сендірді.

– Ендігі жерде жылқы шаруашылығының жағдайын құрылған жаңа қауымдастық шешек. Ал, қауымдастық – мына біз және сіз, – деді сөз соңында Айтұған Адамқұлұлы.

● ФОРУМ

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Ата-ана. Бала. Мұғалім.

Бала құқығын қорғау – қоғамдағы өткір мәселе. Ал, әр бала өз құқығын біле бермейді. Осы мақсатта өңірде сала мамандары түрлі іс-шаралар мен брифингтер өткізуде. «20 қараша – Бүкіләлемдік балалар күні» қарсаңында облыстық білім басқармасы «Балалар жылы: мемлекет назарында – балалар» форумын өткізді. Қарағанды Экономикалық университетінде өткен шараға оқушылар мен ата-аналар, ұстаздар қатысты.



Түрлі санаттағы отбасынан шыққан балалардың басында сан-алуан мәселе бар. Бірін-біріне ұқсамайды да. Бірі ата-анасынан, мектеп оқушыларынан қысым көріп жүрсе, енді бірі ұрлық жасап, шылымға әуестенген. Балалардың бұл ісін мамандар отбасындағы тәрбиемен байланыстырады. Ал, кейбірі оны «отбасы жылуының жетіспеуінен» деп түсінеді. Мәселе – көп. Сондықтан, бәрін кеңінен қамту үшін ұйымдастырушы тарап диалогтық алаңды алты бағытқа бөлген.

– Бала құқығы мәселесін тек педагог айта берсе, бір жақты пікірмен шектеледі. Тек оқушыны сөйлетсек, ата-ана байланысыз қалады. Сондықтан, үштік одақтың жұмысын жандандырып, алты аудиторияға бөлд. Бекітілген спикерлер аудиториясына тапсырма береді. Ал, қатысушылар өзара топқа бөлініп, сол мәселелерді сахналық образда

сомдайды. Кейбір оқушылар «Менің досымның басынан осындай оқиға өтіп еді» деп сол мәселені ортаға салады. Бірақ, ол оқиға досының емес, өз басында болып жатқаны көрініп-ақ қалады. Осындай мүмкіндікті пайдалана отырып, оқушылар ата-аналарына үндеу жасайды. Және де топ өзіне берілген рөлді сомдап жатқанда спикер қойылымды үзіп, жалғастыру үшін басқа топты ортаға шақырады. Сол арқылы әр топ мәселені шығудың жолын іздейді, – деді білім басқармасы бала құқығын қорғау жөніндегі бөлімнің бас маманы Жібек Нұржан.

Алғашқы диалог алаңының бірі – «Қазіргі әлемдегі адам құқығы». Бұл жерде «Сарыарқа дарыны» ғылыми-практикалық орталығы зертханасының әдіскері Жанар Мейрамова «Буллинг және оның алдын алу» мәселелері жөнінде дәріс оқып, арнайы тапсырма берген.

– Біз аудиторияны өзіміз таңдап, бөліп алмаймыз. Қатысушылар өз еркімен бөлінеді. Бүгінде буллинг мәселесі күйіп тұр. Өуелі аудиторияға кеңінен ақпарат беру мақсатында дәріс өткіздім. Тығыз қарым-қатынас орнатып, осы мәселелердің туындау салдарын талқыладық. Аудиториям белсенді. Тақырыпқа жылдам еніп, мәселені өрбітіп алып кетті. «Ол қайдан пайда болды?» «Ол мәселені қалай шешеміз?» деген сұраққа бірлесе отырып жауап берді, – деді Жанар Дүйсенбекқызы.

Жанар Дүйсенбекқызы аудиториясына адамның бала шағын, есейген және кәрілік шағын сомда-

уға тапсырма беріпті. Қатысушылар рөлді сомдай отырып әр шаққа «Не қажет?», «Не қуантаты?», «Мүмкіндігі қандай?» деген сұраққа жауап беруді қажет.

– Форумға мектеп оқушылар, психолог, әлеуметтік педагогпен бірге келдім. Жас маман болғандықтан көп нәрсе үйренуім қажет. Кейде көбісі балаларына немесе әке-шешесіне не қажет екенін білмей жатады. Ал, кей уақытта олар өздеріне не қажет екенін айта алмайды. Сол кісілердің кейініне еніп, топ арқылы жұмыс істедік. Бірінің білгенін басқа біреуі білмейді. Және бұл жерде бәрі бөтен. Мысалы, мен

оқушыларыммен бір аудиторияға түссек, менің көзімше ештеңе айта алмас еді. Сондықтан, бізді әдейі бөліп тастады. Аз уақыт болса да бір-бірімізбен тіл табысып, мәселені ортақ талқыладық. Бұған дейін бірнеше форумға қатыстым. Барлық жерде қатып қалған бір ереже. Яғни, біреуі сөйлесе, қалғаны тындаушы. Ал, бұл форумда бәрі керісінше, сонысымен ұнады, – деді №53 мектеп-лицейінің жас маманы Фарица Жұмабайқызы.

Екінші алаңда – «Балалар қауіпсіздігі мәселелері» тақырыбында дәріс өтті. Қарағанды қаласы полиция басқармасы басшысының орынбасары Ескендір Өзбекіров аудиториямен қылмыстың алдын алу мәселесін талқылады. Қоғамда болып жатқан қылмыстың біразы – жасөспірімдердің қатысуымен немесе оларға жасалатын қылмыс түрі екен.

– Ең бірінші мәселе – есірткі қылмысы. Қылмыскерлер 15-17 жас аралығындағы балаларды алдап, есірткі тасымалдаушы ретінде пайдаланады. Ондай деректер қолымызда тұр. Алаяқтардың құрығына түспеу үшін аудиторияға дерек келтіре отырып дәріс өткіздік. Сонымен қатар, ғаламтор жүйесінде болып жатқан кибер қылмыстарға да кеңінен тоқталдық. Қылмыс жасаған адам – жазадан құтыла алмайды. Аудиторияға қылмыскерлерге

берілетін жаза жайында да баса айтылды. Бұдан бөлек, жасөспірімдерге қатысты жыныстық қатынас пен қалта ұрлығы тіркеліп жатыр. Осындай әрекеттерден сақ болу үшін барынша ақпарат таратудамыз, – деді Ескендір Аманжолұлы.

Бұл аудиторияның қатысушылары жасөспірімге ышлым шегуге итермелеу үстіндегі диалогті қойылым ретінде көрсетуі қажет. Қатысушылар – жасөспірімнің, спикерлер – қала тұрғынының рөлін сомдайды. Алайда, қатысушылар спикерлерімен орын ауыстырған.

– Біз қылмыскерлермен жұмыс істеп үйреніп қалғанбыз. Сондықтан, қатысушылардың өтініші бойынша олармен рөл алмастырдық. Мен – қала тұрғынының рөлін сомдадым. Жасөспірімді көндіріп, ышлым шегуге итермелеуім қажет. Сол арқылы бейтарап адамның кейіпіне ендім. Керемет қойлым болды. Өлі де айтатын мәселе көп. Алайда уақыт жетпеді. Жастарға «Қылмыстық әрекет болса, оған қылмыстық жауапкершілік барын» жеткізу керек. Бұны тек бір аудитория емес, барлығы білуі шарт, – деді Ескендір Аманжолұлы.

Сонымен қатар, «Менің денсаулығым және жауапты әрекетім», «Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу», «Балалардың құқығын қорғау мәселелеріндегі мектеп медиациясының мүмкіндіктері» мен «Жаһандық әлемнің қазіргі жасөспірімге әсері» бағытында әр аудиторияда дәріс оқылып, берілген тапсырма бойынша қойлым сахналанды.



(Соңы. Басы 1-бетте)

### ИНВЕСТИЦИЯ АУЫЛДЫ ДАМУЫ ТИІС

Өз қолың өз аузыңа жетіп, шайқап төгіп, үріп ішкенге не жетсін?! Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы ұсынған мәліметке сенсек, ол күн де алыс емес.

Инвестиция – игілік. Бүгінде қаржы тартуға баса көңіл бөлінуде. Айтып өтері, инвесторға талап қойылады, жобаның өнірі үшін қажеттілігі ескеріледі. Өндірілетін өнім жергілікті нарықтағы шетелдік тауарды алмастыруы қажет. Және ауыл тұрмысын көтеруге септігі тигені міндетті. Жыл басынан бері 26 жоба талаптың үлесінен шықты. Жалпы құны – 14 млрд. теңге.

Тізімнен екі жобаны ерекше атап өтеміз. Бұқар жырау ауданындағы «Uchtobe Cus» ЖШС жылына 396 тонна құс етін өндіруге бел буды. Жана кәсіпорынға 120 млн. теңге жұмсалды.

Ал, «ПКФ Медео» ЖШС шұжық цехын тұрғызды. Мұнда да 120 млн. теңге қаржы құйылды. Серіктестік бір жылда 108 тонна шұжық шығармақ. Бұдан бөлек, жыл соңына дейін 5,4 млрд. теңге болатын 5 жоба мәреге жетеді. Аталған кәсіпорындар импортты ығыстырады деп күтілуде. Жұмыс күші жергілікті тұрғындардан түзіледі.

Сондай-ақ, жыл басталғалы ауыл шаруашылығына – 19 млрд. теңге, азық-түлік өндірісіне 788 млн. теңге салынғаны – ауыз толтырып айтуға тұрардай. Және 2026 жылға дейінгі мерзімді қамтыған Агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобалардың жол картасы ауылдықтардың ал-ауқатын арттыруы тиіс дейміз. 141 млрд. теңге сомасына 72 жобаны іске асыру жоспарда тұр. Соның арқасында 3 мыңнан астам адамға жұмыс табылады.

### АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕ ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАУЫ ШАРТ

Қазір агроөнеркәсіп кешеніне облыстағы жалпы өнірлік өнім көлемінің 3,6 пайызы тиесілі. Жыл соңына дейін өнім көлемі 465 млрд. теңгеге жетуі жоспарда. Өрине, бұл жердегі жүктің



### «ЕҢБЕКТИҢ НАНЫ ТӘТТІ»

## Жылыжай өнімі көл-көсір

Диканшылықтан Қарқаралы өңірі кенде емес. Егін егіп, ырзығын жеп жүрген шаруашылықтар баршылық. Іскер азаматтар жылыжай кәсібін дөңгелетуге де талпыныс қылады. Солардың бірі – қарағайлық Жандос Қонысбаев.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жандос Бағдатұлы кәсібін он жыл бұрын бастады. Оған аудандағы кәсіпкерлерді қолдау орталығы қолдау көрсетті. Нәтижесінде, 300 шаршы метрлік жылыжай салып, қызанақ пен қияр өсіруді қолға алып, жарты гектар жерге картоп екті.

Өрине, қиындықсыз іс болмайды. Жылыжайға жер белгілеу, су мәселесі елауір қаржы мен уақытты қажет етті. Сөйтіп, Жандос Бағдатұлы біздің өңір үшін таңсық көрінетін жылыжай кәсібін жолға қойды.

Қазір сол еңбектің жемісін жеп, ауыл тұрғындарын жыл он екі ай жаңа піскен көкөніспен қамтамасыз етіп келеді. Қызанақ пен қиярдан бөлек, асқөк, жуасы бар. Бүлдірген де өсіреді.

Биылғы күзгі жиын-терімде жылыжайдан 4 тонна қияр мен 2,5 тонна қызанақ алды. Салмағы 40 келі болатын 75 қап картоп жинады. Бұл,



әрине, қарапайым ауыл диканы үшін ауыз толтырып айтарлықтай жеткілік екені сөзсіз. Ендігі басты мәселе – осы мол өнімді ысырап қылмай, тұтынушыға жеткізу.

Шыны керек, дүкен ұстайтын жергілікті кәсіпкерлер жеміс пен көкөністі Қарағанды қаласынан алдыруды әдетке айналдырған. Егер, дүкендер қабылдаса, өнімі қоймада қалып, шаруасы шатқаяқтайды. Бүгінде Жандос Бағдатұлы кәсіпкерлермен келіссөз жасауды қолға алуда. Осы мәселе оң шешімін тапса, аудан халқы қалаға сабылмай, өз дастарқандарын ауылда өскен өніммен жайнатып қояр еді. Бұл тұрғыда жергілікті атқарушы билік тарапынан да қолдау болса екен дейміз.

Қарқаралы ауданы

## Импорттан экспортқа: агроөнеркәсіпте әлеует зор

ауыры даладағы ағайынның нығана түседі. Оның үстіне биыл жазда құрғақшылық та қос бүйірден қысты.

Биыл егістік 48 мың гектарға ұлғайды. 1 миллион 62 мың гектарға жетті. 932 мың гектарға дәнді дақыл себілді. Картоп алқабы 357 гектарға өсіп, 11 507 гектарды құрады.

Құрғақшылықтан заманауи технология құтқарды. Нәтижесінде, 600 мың тоннадан астам бидай алды. 350 мың тоннадан аса картоп-көкөністі де қосып қойыңыз. Былтырғы жылмен салыстырсақ, 22 мың тоннаға артық екен.

Өрине, толайым табыс ортақ еңбектің арқасында келді. Мемлекет жан-жақты қамқорлық танытты. Дикандар қауымына 5,2 млрд. теңге субсидия төленді.

Мал бағып, құс баптаған ағайынға да бәрекеділді дейміз. Жылды 123 мың тонна ет, 434 мың тонна сүт және 650 млн. дана жұмыртқамен тәмамдамақ. Сонымен қатар, сиырды – 473,4 мыңға, жылқыны – 314 мыңға, қой мен ешкіні 721,4 мыңға жеткізуді көздеп отыр.

Мал дегенде жем-шөп жайыл толғандырады. Соңғы бес жылда мал азығы

дақылдарының алқабы екі есе артты. 36,2 мың гектардан 79,2 мың гектарға ұлғайды. Болашақта да кеңейе түспек.

### ЭКСПОРТ ҰЛҒАЙДЫ

Бүгінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемі 118 млрд. теңгені еңсерді. Былтыр 95,5 млрд. теңге табыс кірді.

Биыл қайта өңделген өнімдер экспорты ұлғайды. Қарашаға дейін 88,4 мың тонна шекара асты. Өсім бар. Былтырғыдан 20,7 мың тонна артық. Тағы бір айтып өтері, мұндағы өңделген өнім 74,5 мың тоннаны құрады.

Бұл шифр әлі де өзгеретіні сөзсіз. Өйткені, май, сүт, макарон өнімдерін, ұн мен мал азығын өндіретін кәсіпорындарда жаңғырту, жаңадан тұрғызу жұмыстары қарқынмен жүріп жатыр. Жаңа жобалар экспорттық әлеуетті арттырып, импортқа тәуелділікті төмендетуге ықпал етеді.

### РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТ ЖЕТКІЛІКТІ

Азық-түлік – стратегиялық ресурс. Өрине, бұл тұрғыдағы қауіпсіздікті

қамтамасыз етуде алдымен мемлекет мүдделі. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаров сол мақсатта түрлі қолдау іс-шаралары да көрсетілетінін айтады.

– Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидия, жеңілдетілген несие беріліп келеді. Ал, өз кезегінде дикандар мен фермерлер аймақта негізгі азық-түлік түрлерінің қажетті қорын қалыптастыруға белсене атсалысауда. Астықтың резервтік қоры, картоп пен көкөністердің тұрақтандыру қоры құрылды. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігіне сүйенген меморандумдар шеңберінде құс фабрикалары өнімнің бір бөлігін сауда желілеріне төмен бағамен тапсыруда. Жәрмеңкелерге де тұрақты қатысады. Жалпы алғанда, ішкі нарықты азық-түліктің негізгі түрлерімен қамтамасыз ететін аграрлық секторды қалыптастыруға қажет ресурстық әлеует жеткілікті, – дейді басқарма басшысы.

### • КООПЕРАТИВ

## Картоп өсірудегі көшбасшы

Абай ауданы жыл сайынғы орақта облыстағы картоптың жартысын береді. Биыл ауданда 146 мың тонна картоп, 46 мың тонна көкөніс жиналды. Орташа түсім картопта – 241 центнер, көкөністе 420 центнерден айналды.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Юбилейное ауылындағы «Жанат» өндірістік кооперативі биылғы орақ науқанын табысты аяқтады. Кооператив 1997 жылы құрылған. Құрамында 17 шаруашылық бар. Картоп, дәнді дақылдар мен көпжылдық шөптер өсірумен айналысады. Кооператив өкілі Максим Бакиннің айтуынша, картоп өсіруде тұқым маңызды рөлге ие.

– Картоп егушілер, бірінші кезекте, тұқымға баса назар аударуы керек. Егер, сапалы тұқым болмаса, түсім ойдағыдай болмайды. Екіншіден, техника күшінің, технологияның орны ерекше. Қуатты және заманауи техникасыз ауыл шаруашылығын табыс көру мүмкін емес. Сондықтан, біз алдағы уақытта картоп өсірушілерге

жаңа деңгейге көтерілуге көмектесетін жобалар қолға алынуы қажеттігін айтып жүрміз, – дейді Максим Бакин.

Кооператив өніміне сұраныс жоғары. Қоймаға түскен картоп облыс өңірлеріне, республиканың әр тарабына жөнелтіледі. Яғни, ішкі нарықты қамтып отыр.

Еңбектің рахатын көру – міндет. Кооператив басшылығы шаруашылық еңбеккерлеріне жан-жақты жағдай жасауға тырысып келеді. Мәселен, мұнда жұмыскерлерді баспамен қамту жақсы жолға қойылған. Бұл, әрине, көпшілікті толғандырған мәселелердің бірі. Басында өз үйің болып, алаңсыз еңбек еткенге не жетсін?!  
Абай ауданы

### • ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

## Жұмыскердің отын – суы қожалықтан

Биыл мамыр айында Шет ауданындағы Батық ауылында «Қайрат» шаруа қожалығының 200 сауын сиырға арналған тауарлы сүт фермасы қолданысқа берілді. Қожалық жетекшісі Нұрперзент Советовтің айтуынша, тұрған жері логистикаға тиімді. Облыстың әр тарабына аз шығынмен өнім жіберуге болады.

Шаруашылық иелігіндегі жер көлемі – 4373 гектар, жайылымы – 4108 гектар. Инвестициялық жоба құны – 700 млн. теңге. Оның ішінде, шаруашылық қаражаты 240 млн. теңге. Қалған қаражат мемлекеттік қаржы институттары арқылы тартылды.  
Ферма 200 сиырға арналған үш қора-

ны салып бітті. Жылына 1200 тонна сүт өндіруге қауқарлы. Бүгінде 10 адамды жұмыспен қамтып отыр.

– 2018 жылы Ресейден екі жүз симменталь сиырын әкелдік. Жалпы құны – 142 млн. теңге. Қазір алты жүзге тарта ірі қара бар, – дейді Нұрперзент Советов. Жыл сайын қожалық 4 млн. теңге

көлемінде субсидия алады.

Болашақта кәсіпкер сүт өнімдері кластерін дамытуды жолға қоймақшы. Келесі жылы 150 млн. теңгеге сүрлем дайындап, сақтайтын қойма, мал сою алаңын салады. Сондай-ақ, 70 млн. теңгеге ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу жоспарланады.



Бір айта кетері, жұмыскерлердің отын-суы қожалықтан. Тұрақты жааладан бөлек, шөп пен көмір беріледі. Және оларды соғыммен қамтамасыз ету қарастырылған.

Өз тілшімізден

Шет ауданы

### • МӘСЕЛЕ

Бүгінде ауылдағы ағайын ата кәсіпті дөңгелетуге мықтап ден қойды. Билік тарапынан да қолдау шаралары көптеп қолға алынауда. Дегенмен, жаны да, малы да көбейген өңірлерде жайылым әлеуметтік өзекті мәселеге айналып отыр.

Билік бұл проблеманың түйінін тарқату үшін нақты іске кірісті. Елді мекеннен 5 шақырым радиустегі жайылымды мұқтаждыққа сай қайтару Үкімет пен Бас прокуратураға жүктелді.

Нұрдос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәліметтерге сүйенсек, Қарағанды облысы бойынша жайылымдық жердің жалпы көлемі – 35,3 миллион гектар. Оның 14,2 миллион гектары ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілген. Ал, 12,8 миллион гектар бос жатыр.

Жайылымдық жер тапшылығын түрлі себептері бар. Осы бағытта облыстық прокуратураның ұсынысына сәйкес, Ақтоғай ауданы әкімінің өкімімен жұмыс тобы құрылды. Бұл

## Өріс кеңеюі қажет



туралы Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қуаныш Изаков айтты.

– Негізгі талап бойынша әр ауылдың тұрғындар санына, мал басына қарай шабындығы және жайылым жерлері болуы керек. Егер, бұл талап сақталмаса, мал басын көбейту қиындайды. Кейбір адамдар жерлерін игермей, босқа ұстап отыр. Біз осы азаматтарға заң орындары арқылы шаруа қолданып жатырмыз. Жер Кодексінің 86-бабына сәйкес, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін қайтару, «Жайылымдар туралы» Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес, ауыл халқының жайылымдық алқаптарға

деген сұранысын қанағаттандыру қарастырылған. Ауыл маңындағы 5-6 шақырым жерді жайылымдық жерге айналдыру тетігі қолға алынауда. Ақтоғай ауданына қарасты 5,1 миллион гектардан астам жер бар. Бірақ, бос жерлер көбіне шалғайда болғандықтан бас тартып жатады, – дейді Қуаныш Изаков.

«Рахмет» шаруа қожалығының жетекшісі Ернар Сүйіндіқұлы жер көлеміне қарай мал ұстап отырғанын айтады. Дегерес қойын өсіреді. Қой санын көбейту үшін қосымша жер қажет. Талап сондай. Кейінгі жылдары

жайылымның тозып, шөп шығымы азайғанын тілге тиек етеді фермер.

Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрланбек Жаңабегенов:

– Былтырдан бері 65,5 мың гектар жер қажеттілігіне қарай шаруашылықтарға берілді. Сонымен қатар, 23,1 мың гектар жер 60 шаруа қожалығына меморандум арқылы тапсырылды. Игерілмей жатқан жерлері бар шаруашылықтармен келісім-шартты бұзып, мемлекеттік қорға қайтып алу жұмыстары жүзеге асырылуда. Жалпы, сұраныс жасап, шаруашылық ашқандардың 55 пайызын жермен қамтамасыз еттік. Бұл жұмыстар жалғасын табады, – дейді.

Мамандардың мәлімдеуінше, елді мекендердің маңайындағы жерлер мемлекеттің меншігіне алынып, жергілікті халықтың қажеттілігі үшін міндетті түрде беріледі. Тек, аталған аумақта жайылатын мал саны мемлекет белгілеген нормадан аспауы керек. Мал басы шекті нормадан асып кетсе, ауылдық округ аумағына тиесілі екінің денгейі жайылымға жіберіледі.

Құнанбай жақының «Адам өседі, мал өседі, жер өспейді» деген әйгілі сөзі осындайда еске түседі екен...

Ақтоғай ауданы

Бетгі әзірлеген Нұрқанат ҚАНАПИЯ

● ҚАЗЫНА

Төрехан МАЙБАС,  
этнограф-жазушы

(Жалғасы.  
Басы өткен №123, №126 номерлерде)

Қаншығы – кірекей.  
Күшігі – қонжық.  
Барыстың қаншығы – таутан.  
«Алма апаннан аланды, таутан алар ба-  
лаңды» /Мәтел/  
Күшігі – алан.  
Арланы – барсақ.  
Ел ішінде «Таутанын тастап барыс ат,  
жаға болар ішікке» деген мәтел бар. Осы  
мәтелде жансақтық орын алған. Дұрысы:  
«Таутанын тастап барсақ/барысақ/, жаға бо-  
лар ішікке».

Барсақ қазіргі ұғыммен қарайтын болсақ  
барынша сақ /ан/ деген мағынаны білдіреді.  
Шын мәнінде барыстың қырағысы /сағы/  
арланы емес өлекшіні.

Қарсақтың қаншығы – мырсақ. Кей жер-  
де мыршақ деп айтушылық та бар.

Қарсақ атауы аң атауы ретінде кейінде  
қалыптасқанға ұқсайды. Қарсақ деген сөз  
андың ұрғашысына қаратылып айтылған  
сөз. Ендеше жоғарыдағы барсақ пен осы  
қарсақтың бастапқы мағынасы өзгерген бе  
дейміз.

Күшігі – жәутік.  
Жәутік нашар деген сөз. Әдетте қар-  
сақтың күшігі әлжуаз болып туады. Тіліміз-  
де жаман – жәутік тіркесі бар. Осындағы  
жәутік сөзі нашар деген мағынаны білдіреді.

Сілеусінің қаншығы – ілбісің.  
Ел ішінде ілбішін деп айту да кездеседі.  
Күшігі – ірсін.  
Түлкінің қаншығы – қанжыр.  
Тіліміздегі қанжырық сөзі осы қанжыр-  
мен түбірлес болар. Тура мағынасы – түл-  
кінің қаншығы мағынасында да айтылуы  
әбден мүмкін.

Күшігі – жаутан.  
Арланы – алтын.  
Алтынның тура мағынасы – бірінші ай-  
лакер. Көне түрік тілінде ал – айла, тын/тұн/  
– бірінші. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып  
жүрген тұңғыш сөзінің мағынасы – бірінші  
деген сөз.

Борсықтың арланы – борак.  
Қаншығы – сасық.  
Күшігі – эзборак.  
Борсық та күшігін соқыр туады. Эзбо-  
рақтағы «эз» соқыр деген сөз.  
Күзеннің арланы – шақар.  
Қаншығы – шашал.  
Күшігі – безек.  
Мәлімнің күшігі – мәулен.  
Мысықтың еркегі – мыршымы.  
Ұрғашысы – мырсын.  
Күшігі – соқыр.  
Ең соңында айтармыз, қасқырға қары-  
тылып айтылған бір мәтел бар. «Бөлтiрiгiн  
алма шуланның, шұрқан салар қорана» де-  
ген.

Қасқырдың кекшіл тағы екендігін бі-  
леміз. Оның ішінде шуланның, оның ішін-  
де бөртеңің кекшілдігі әлемет. Бұлар нағыз  
қырықсалдар. Соған орай қазақ аңшылары  
апаннан күшік алса бәрін алған. Көз алда-  
рында күшігі жүрсе кегін ұмытпайды деп.

**Сонымен жазбамыздың соңына жет-  
кен сындымыз. Қазақ атамыз итті жеті  
қазының біріне санаған. Қасқырды да  
өзінен алыстатпаған. Терісін ішікке  
жаратса, қыл ақыры өтін емдікке пайда-  
ланған. Шешелеріміз омырауынан сүт  
шықпай қалады іт емізгендері болған.  
Итемген есімі соған орай қойылса керек.  
Қасқыр өтiне жерiк болған аналарымыз  
да аз болмаған. Естi қазақ бекерден бекер  
қасқыр ауламайтын болса осындай се-  
бептерi бар.**

**БӨРІСЫРҒАҚ**

Барып-барып жауа сырақ  
ирелендеп басылады,  
Түк болмағандай күнің дағы  
түтеленін ашылады.  
Апта салып көз байлаған перделерің  
ғайып болып,  
Бөрте менен көк серектен алтын  
шуақ шашылады.  
Әуектің бұл саф тірлігі тоқтап  
қалған ашылады,  
Серек біткен бір-біріне жақындап  
кеп қасынады.  
Қолтық қызық басылған соң  
бөрте қалып соңында,  
Айға қарап бөрі ұлды, әуектің  
ең басындағы,  
Бөрісырғақ сап басылған, әуек көшіп  
бара жатыр.  
Түк көрмегендей,  
түк білмегендей,  
Маңғаз ғана дала жатыр.

**Төрехан ӘКІМЖАНҰЛЫ**

Менің туған нағашым Бітім Көш-  
мағанбетұлы қазақы ұғымдағы аңшы  
еді. Ешуақытта қолына мылтық, автомат  
алмайтын. Ешуақытта джип, вездеход,  
аэропана мұнбайтын. Атпен шығатын,  
қолына күрүк та алмайтын, жалаңқақ  
алатын. Сол нағашының қасқырдың  
құтын аламын деп бөлтiрiк асыраған  
жылдары болды. Нағашы атам Көш-  
мағанбет көшелі адам еді. Сол кісі бала-  
сының осы ісіне қарсы болды. Бала да  
болса сол бөлтiрiктi тәрбиесіне мен де  
қатыстым. Оның тәрбиесіне бүкіл ауыл  
болып жұмылған. Сол бөлтiрiк бәрiбiр  
құтын бермей кеттi. Бұл әңгімелер



**Тәңіркүт**

менің құлағымда содан қалған. Әйтпесе,  
қасқыр тұрсын киікке де шыққан адам  
емесің.

Жұрт менің осындай тосын жазба-  
ларыма қарап мені аңқос, аңшы деп  
біледі. Қайталап айтайын, мен ешуақыт-  
та тұз тағысына мылтық кезенген адам  
емесің.

Боран, болмаса аяз жөнінде әңгіме  
қозғала қалса жадымызда Арқа жаңғырып  
қоя береді.

Ал менің жадым тітірініп тұрады. Өйт-  
кені менің бабам осы Арқаның алғашқы  
аязында ұшып өлген. Сол аязды Арқа жұр-  
ты күні бүгінге дейін Қырбастың қызыл  
шұнағы дейді. Қырбас деп отырғанымыз  
атақты Көкбөрі Жарылғап батырдың бала-  
сы, Қанжығалы карт Бөгенбайдың күйеуба-  
ласы.

Шұнақ деп қазақ баласы құлақ кемісті-  
гін айтады. Қырбас бабамыз аязға ұрынып  
қамшымен қакқанда құлағы қолында қалған  
ғой...

Бұл кәдімгі желтоқсан айының басы.  
Бұл Кәмел Жүністегі ағамыздың «Жыл он  
екі айында» бар. Кәмең күнін де анықтай  
түседі. Ақпан айының 4-5-і деп. Қазіргіше  
айтсақ ақпанымыз желтоқсан айы.

Осыдан кейін өтетін боранды амалымыз  
– текебұрқылдақ. Ол айтып отырған ақпан  
(желтоқсан) айының 17-22 аралығы.

Екінші аязымыз қаңтардың басына  
келген. Оны ауызекі тілде бетжабар дейді.  
Кәмел Жүністегі күн таласы деп жазады.  
Кәмел ағамыз оны қаңтардың 1-2-не кел-  
тіреді.

Үшінші аязымыз да осы қаңтарға келеді.  
Оны сары аяз, болмаса сарышұнақ аяз, бол-  
маса сарышұнақ дейді.

Осы жерде еріксіз басыңызды шайқа-  
сыз. Қазақ жылқыны ғана емес, аяздың өзін  
де түстеген бе деп. Өйткені қоңыр аяз дегені  
де бар.

Қаңтарда жүрген амалымыз осы сары  
аязымыз. Бұрынды бораны күндіз-түні  
көзіңді буып, аязы көтерілмесе түсе қой-  
майтын. Бүгінде соның бораны қалып, аязы  
кеткен сынды. Оны қазіргі ғаламдық жылы-  
мықпен ғана түсіндіруге болар.

Осы сары аязымыз қаңтардың 17-27-не  
келеді. Кешегі есепші шалдарымыз өзекті  
жанды бұл аяздан сары алып қалаатын дей-  
тін. Бұл не сары десек май деуші еді жар-  
ықтықтар. Соған барып бұл май соратын  
аяз дер еді.

Осы сары аязымызды жаңсақтықпен,  
болмаса білместікпен бөрісырғақ деушілер  
шығып жатыр. Осы жерде барынша жұм-  
сартып айтқанымызбен нағандығымыздың  
ісі шығып тұрғанын несіне жасарайық.  
Ең алдымен мұның амал екеніне ден қой-  
яйық. Амал болған соң-ақ оның сакралды  
болғандығы. Адам баласы соны шешем деп-  
ақ келеді. Соған да барып аласып жатқаны-  
мыз.

Сонымен бөрісырғақ дегеніміз не?  
Әуелі осы бөрімізді анықтап алайық.  
Әрине, ол қасқыр. Әрине, ол қасқырдың ар-  
ланы. Әрине, ол арлан болғанда жалы. Әри-  
не, ол жал болғанда бөрісі.

Жал деп қасқырдың арланын айтамыз.  
Қаншығы – шулан.

Қасқырдың үйірін әуек дейміз. Осы  
әуекте шамамен жиырма-отыз қасқыр бола-  
ды. Орманды қасқырлы орыс жұрты әуекті  
стая дейді. Әуекті бастаушыны жоққа дейді.

Қалай екенін қайдам, біздер осы жоққа  
сөзінің қалқасын жасап көсем, көшбасшы  
деп жүрміз. Кешегі үлкендер оны әуекбасы  
деуші еді. Сондықтан, алдағы уақытта осы  
сөзге назар аударсақ деймін. Оның үстіне  
бізде басқұрт деп айтушылық бар ғой.

Осы жерде көзі қарақты оқырманның  
«сонда абаданымыз не?» деуі әбден мүм-  
кін. Абадан дегеніміз де әуекбасы деген сөз.  
Алайда...

Аңға қасқырлар әуек болып шықпайды.  
Олардың да қартайғаны, түрлі жаракаттан  
мүгедек болып қалғандары, аң қауға жара-  
майтын көксеректері болады. Сондықтан,  
олардың күш кемістігі білінгенде олар бірі-  
геді. Әуектер күш біріктіреді. Бірнеше әуек  
топтасып, үлкен бір әуекті құрайды. Соны  
басқаратын әуекбасыны абадан дейді.

Орман қасқырлы орыс жұртында мұн-  
дай ұғым жоқ. Өйткені орманда жемтік жет-  
кілікті. Оларда бөрі жоқ.

Сондықтан абадан сөзіне құрметпен қара-  
рап, жөнімен қолданғанымыз дұрыс болады.  
Бабаларымыз «абадан байрақты» деп тегін  
айтпаса керек. Және оны сакралды сөз деп

қабылдайды.

Тақырыбымыздан ауып барамыз-ау дей-  
міз. Қайтып оралайық.

Көкейімізге келіп тірелген сауал әуек  
қайтып көбейеді деген сауал болса керек.

Шынымен, қайтып?  
Жұптасып, әрине.

Жұптасып деп текке айтып отырғаны-  
мыз жоқ. Қасқырлар бір-ақ рет жұп құрады.  
Және әуекте мұндай бір-ақ жұп болады!

Міне, мәселе қайда?

Жұпқа түсетін қасқырдың арланын бөрі  
дейді. Арланның жал екенін білеміз, қарап  
отырсақ жалдың барлығы бірдей бөрі бола  
алмайды екен. Моғал тілмен айтсақ әуектегі  
қасқырлардың тұқым шашатыны біреу бо-  
лады, сол біреуімізді бөрі дейді.

Тілімізде жиілігі жоғары бөрікөз, бөрімі-  
нез, басқа да бөрі сөзімен қатысты сөз тіркес-  
тері жеткілікті. Осы тіркестерден-ақ бөріде  
сакралдық қасиеттердің барлығы білінеді.  
Ол не қылған қасиеттер?

Ол ең алдымен әуектің иесі.

Бүгін де!  
Ертен де!

Ол әуекті құрайтын қасқырлардың ана-  
лары тандай білуі керек.

Ол келешек ұрпағының жататын жері-  
нен жаңылыспауы керек.

Ол қаритын қаншығын жазбай тануы  
керек.

Тандау жеткілікті.  
Мың емес, жүз емес, алайда жеткілікті.

Тандау жасалғанда оны бөрте дейді.

Осы жерде естеріңізге ештенсе түспей  
ме? Бөрте деген түп апамыз бар емес пе еді?  
Ол апамыз жаһанды тітіреткен Темужиннің  
таңдауы емес пе еді? Кешегі Абылай, кешегі  
Кенесарының... мамысы емес пе еді? Мама  
сөзіне де шекелен қарап жүрген жайымыз бар.

Қазақ баласы әжеден кейінгі әжемізді мама  
деген. Салыстырыңыз: мамабие, мамаказ,  
мамақазық. Үйші қауымдар жалпы ағаштың  
ұрғашысын мама деген. Содан барып ағаштың  
барша ұрғашысын мамашақ дейді.

Бөрінің бөртеңі таңдауы өте маңызды.  
Өйткені әуектің одан әрмен өсіп-өнуі осы  
бөртеге байланысты. Әуектің ертенін осы  
бөрте шешеді.

Қандай жағдайда болсын бөрте «қысыр»  
қалмайды. Бір жағдайда тоғыз, енді бір  
жағдайда жалқы табуы мүмкін.

Неге?  
Қасқырлар қоғамдасып өмір сүретін  
мақұлықтақ. Қоғам болған соң-ақ онда да  
кемістіктер болады. Кемел қоғам ешқашан  
да болған емес, болмайды да. Соның  
жарқын көрінісін осы әуектің мысалынан  
көруге болады.

Аңға топтасып шығады, түсірген олжа-  
рын өзара бөліседі. Ол олжадан ешкім де сырт  
қалмайды. Әлі аңға жарамайтын қарақұлақтар-  
ын ешуақытта аш қалдырмайды. Әуек ең  
алдымен соларды қоректендіреді. Содан кейін  
аңға шығуға жарамайтындарды...

Сол аңға шығамын деп жарақат алып,  
мүгедек болып қалғандардың кезегі қара-  
құлақтардан кейін тұрады.

Осыдан кейін қасқырларды текті демеі  
көрінізі!

Уау, сонда аңшылардың өздері қайда қа-  
лады?

Олар өздерін де ұмытпайды. Соны бөрте  
шешеді.

Айналадағы қорек жеткілікті болғанда  
тоғыз табады!

Қорек мардымсыз болғанда жалқы таба-  
ды!

Бірақ ешқашанда жоғарыда айтқанымыз-  
дай қысыр қалмайды!

Қасқыр ешуақытта құтын босқа шаш-  
пайды!

Сондықтан да бабаларымыз оны тәңір-  
құт деген.

Әңгімімізге қайтып оралайық.  
Қасқырдың тектілігіне көзіңіз енді жет-  
теді!

Бөрі мен бөрте мойнына алған шаруала-  
рын басқа мақұлықтар сынды ашық, кез  
келген жерде жасамайды. Олар бұл жауап-  
кершіліктерін жасырын жасайды!

Әуектен бөлініп, көзден таса жерде. Бір  
жаратушы ақпанның ақырған боранын осы  
бөрі мен бөрте үшін әдейі жіберген сынды  
көрінеді. Әуектің қалған көзінен жасыры-  
нуы үшін...

Осы амалды бабаларымыз бөрісырғақ  
деген. Бұл амал ақпан айының 17-25 ар-  
лығында өтеді.

Қасқыр баласын 63 күн көтереді. Со-  
дан барып қарақұлақтарын сәуір айының

аяғында әкеледі. Қыс ішінде қасқыр (бөрте)  
күшіктеді деген әңгімені естімедік.

Қоңыраымызды ұмытып барады екен-  
біз. Ол Үркер ауғанда түсетін шымшыма  
аяз. Ел ішінде ұтағыз деп айтушылық бар.  
Өйткені ақпан кіргенде ұт түсетіні белгілі.

**БӨРІТОН**

Тілімізде бөрітон/ды деген сөз бар.  
Мәшекең Жидебай батырды суреттегенде  
бөрітонды деп жазады.

Осы сөзді де алғаусыз қолданаты-  
нымыз байқалады. Оны өзіміз аңғара  
бермейміз. Содан да барып қасқыр ішік  
мағынасында түсініп, сол мағынада қол-  
данып жүрміз.

Шын мәнінде бөрітон да қазақтың тоны-  
на, оның ішінде сыртыңына (сырттон) жата-  
ды. Бөрітон деген сөз бөрі киім деген сөз.

Қасқыр ішік те қазақ баласының сыр-  
таны. Қасқыр ішікті екінің бірі киіді десек  
те бөрітон жөнінде олай деп айта алмаймыз.

Бөрітонды екінің бірі кимеген. Ондай  
мүмкіндік бола да бермеген. Өйткені қас-  
қырдың бөрі бөрі емес.

Бөрі дегеніміз жұпқа түсетін қасқырдың  
жалы. Ал қазақ аңшылары ешқашанда бөрі  
соқпаған.

Сонда қазақ баласы қайтп бөрітон киіп  
жүр?

Бір әуекте жалы бар, шуланы бар отыз-  
ға тарта қасқыр болады. Соның біреуі ғана  
бөрі. Жұпқа түсетіні.

Қалған жалдардың барлығы да бөріден  
үміткерлер.

Сол жалдарың бөрі болуы мүмкін бе?  
Мүмкін болса ол қалай өтеді?

Бөріден үміткер жал өзінің шешесімен  
(бөрте), қарындасымен (шулан), не апасы-  
мен (шулан) ешуақытта жұпқа түспейді.  
Қасқыр баласының тектілігін осыдан-ақ  
аңдауға болар.

Олай болса бөріден үміткер әуектен  
шығуға мәжбүр болады. Бөріден үміткер  
деген сөз өз алдына әуек құрушы деген сөз.  
Әуек құру үшін бөрте керек. Оны қайдан  
алады?

Басқа әуектен!  
Жалпы, тіршілік дүниесінде нәрсісін  
қанағаттандыруға келгенде еркегі ұрғашы-  
сына қарағанда осал келеді. Бұл адам бала-  
сына да қатысты. Бұл қасқыр баласына да  
қатысты.

Содан барып әуектегі жалдардың бар-  
лығы бірдей болмаса да өз алдына әуек  
құруға ұмтылушылар ішнәра болады. Мұн-  
дай жағдайда әуектің қатал заны бойынша  
ол әуектен шығып қалады.

Енді ол әуектің шапағатына бөлене ал-  
майды. Ортақ қазанның үлес тимейді. Бір  
сөзбен айтқанда өз күнін өзі көретін болады.  
Әуектен шығып қалған мұндай жалды  
бұралқы дейді!

Бөрі болғанша бұралқы бастан талай  
сынақты өткереді.

Соның бастысы қорегін тауып жеуі. Ең  
алдымен оның аң аулау аймағы болмайды.  
Аңға бірігіп шығатын әріптесі болмайды.  
Қасқыр ешқашанда жалғыз аң ауламаған.

Бірақ сондай күн туған. Бұралқының  
басына. Өз алдына әуек құрам, бөрі болам  
деушілердің барлығы да осындай сынақтан  
өткен.

Әуектен шығып қалған мұндай бұралқы-  
лар аң аулау аймағы болмағандықтан ауыл-  
ды торуылдайды.

Қазіргі уақытта БАҚ беттерінде қалаға  
қасқыр кіріп кетті деген байбалам мақала-  
лар өріп жүр. Оның өзінде елді қорқытып  
құтырғаны дейді.

Шын мәнінде олар – бұралқылар!

Қазақ баласы итқұс деп қасқырға қара-  
тып айтса да негізінен осы бұралқыға қара-  
тып айтқан. Әйтпесе, әуек ауылға шабуыл  
жасамайды.

Ал бұралқылар шабуыл жасайды. Ауыл-  
ға. Қойқораға. Тауыққораға...

Мүмкіндік болып жатса ит дауысына  
салып, итті ауылдан шығарып алып жәукем-  
деп кетеді. Құс дауысына салып, құсты да,  
оның ішінде дуадақ пен құрларды баудай  
түсіреді.

Осының бәрін істейтіндер бұралқылар.  
Неге бұралқылар?

Әуектен шығып қалған бұралқылар да  
бірігеді. Бірақ бұларға әуек заңы жүрмейді.

Содан барып олардың бөріге ұмтылған  
ғұмыры ұзаққа бара бермейді.

Әуектегі жалдар ешқашанда бірін-бірі  
тастап кетпейді. Ал бұралқыларға бұл заң  
жүрмейді. Сондықтан да, олар қилы жайт-  
тарға ұшырап жатады. Қорек қамымен бас  
қосқан бұралқылар қауіп төнгенде өз баста-  
рын сауғалайды. Осыдан барып олардың ғұ-  
мыры қилып жатады.

Бөрітонымыздың шикізаты, тоны осы  
бұралқылар, бөрі болам деп талпынған жал-  
дар.

(Жалғасы бар)

● ФИТОСАНИТАРИЯ

**Өсімдік  
«ауырмаса» –  
адам сау**

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өсімдіктің де өз жауы бар.  
Дер кезінде шара қолданбаса,  
жайылым мен шабындыққа,  
егістікке, жылыжайлар мен сая-  
бақтарға зиянын тигізіп, өсуі  
мен дамуын тежеп, сол аумақтар-  
ды қу тақырға айналдырып  
та жібереді. Осы зиянкестерді  
зертеп анықтайтын бірден-бір  
ұйым – облысымыздағы «Респу-  
бликалық фитосанитарлық диа-  
гностика және болжамдар орта-  
лығы» РММ филиалы.



Келесі жылы құрылғанына 20 жыл  
толатын бұл мекеменің облысымызда  
тоғыз аудандық филиалы бар. Соның  
ішінде, бізден бөлінген Ұлытау облыс-  
ының Жаңаарқа және Ұлытау аудандық  
филиалдары эзірге енші алып кете қой-  
ған жоқ.

Бұл құрылым қызметкерлері аймақ  
бойынша өсімдіктердің зиянды, ерекше  
қауіпті организмдерінің облыс бойынша  
дамуы мен таралуына мониторинг  
жасап, таралу ошақтары мен шекарала-  
рын анықтап, айқындайды. Жүргізілген  
тексерулер мен жасаған болжамдар диа-  
гностикасының қорытындысы бойынша  
ауыл шаруашылығы субъектілеріне ұсы-  
ныстар түсіріп, әдістемелер мен нұсқау-  
лықтар әзірлейді. Жыл бойғы тұрақты  
бақылау мен зерттеу жұмыстарының  
нәтижесінде



## • МЕРЕЙ

Адал еңбегімен, онегелі ісімен, адамгершілік қасиетімен және ұйымдастырушылық қабілетімен ұзақ жылдар бойы ауданымызда еңбек етіп, экономикасының дамуына көп үлес қосқан, ел құрметіне бөленген азаматтар баршылық. Солардың бірі – бүгінде сексен жастың сенгіріне шығып отырған Мағауия Медетбекұлы Сатыбалдин. Азаматтың бүкіл өмірі, елі үшін атқарған қызметі аудан жұртшылығының көз алдында өтіп келеді.



# Ғибратты ғұмыр

Ол нұрлы Нұра өзені бойындағы Жақсы Жанғұтты бабамыздың атақонысы Ақсу-Аюлы өңірінде (Құмжон ауылы) дүниесігін 1942 жылы 15 қарашада, сұрапыл соғыс жылдары ашқан ұрпақтың бірі. Балғын балалық шағы, жастығы соғыстан кейінгі ауыр жылдарға тұспа-тұс келген. Уақыт пен заман талабы бұл буынды тым ерте есейтті. Ол жасынан оқуға зейінді, еңбекке бейім болып ержетті. Институтты бітіргеннен кейін туған ауылына оралып, еңбек жолын Орджоникидзе атындағы кеңшарда қатардағы инженер-механик болып бастады.

Жас жігіттің қарым-қабілетін аңғарған аудан басшылығы көп ұзамай оны Ақшатау қой кеңшарының бас инженер-механигі қызметіне ауыстырды. Жігерлі жас маман шаруашылықтағы өзекті жұмыстарды еңсеру мақсатында аянбай еңбек етеді. Бірінші кезекте мал азығын дайындау мен оны тасымалдау жұмысында жаңа рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске енгізу арқылы техникаларды пайдалануды жетілдіре отырып, еңбек өнімділігін арттырады. Аудан көлемінде жаңашыл қозғалыста білікті маман ретінде танылып, 1973 жылы Мағауия жаңадан құрылған Ақадыр ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженер-механигі қызметіне ауыстырылады. Жаңа ауданның шаруашылық өндірісіне озық тәсілдерді енгізуде де табандылық танытады. Уақыт талабына сай аудан кеңшарларында түрлі жемаздық цехтары мен мал бордақылау алаңдарындағы жұмыстардың толық механикаландырылуына атсалысады.

Міне, осындай жұмыстарды атқарып жүрген іскер азаматтың

алдында ауыр да жауапты сынақ, күрделі шаруа – кеңшар жұмысын жүргізу күтіп тұрды. Ол – 1977 жылы қақаған қыс – ақпан айының басында ауданның К.Мыңбаев атындағы асыл тұқымды қой кеңшарының директоры қызметіне тағайындалуы еді. Бұл – сол кездегі партия қайда жіберсе, сонда барып жұмыс істейтін, қатаң талап-тәртіптің уақыты. Кеңшар облыс, аудан орталығынан шалғай орналасқан әрі жол нашар, адам күші жетіспейтін. Шаруашылықтың кейінгі жылдары экономикасы төмендеп, қиын кезеңді бастан кешіп жатқан кезі болатын.

Алғашқы кезде жекелеген ауыл адамдарының арасында осындай қиыншылықты мол шаруашылықты бейтаныс жас жігіт игеріп кете алса жақсы ғой деп күмәнмен қарағандар да болыпты. Әрине, қыс іші, қиындау кезең кімге болса да оңайға соқпайтыны белгілі. Бірақ, «жас келсе – іске» дегендей, Мағауия Медетбекұлы бұл орында табандылық көрсетіп, өзінің бар күш-жігерімен жұмысқа кірісіп кетеді.

Ұжымды ортақ іске жұмылдыра отырып, мал қыстату науқанын біршама қиыншылықты жеңе, сәтті өткізеді. «Асыл тұқымды мал – артық табыс» дегендей, кейінгі жылдары тоқтаңқырап қалған мал тұқымын асылдандыру жұмысын жалғастырып жүргіздіреді. Республикаға танымал сала ғалымдарының қатысуымен жүйелі түрде жүргізілген асылдандыру жұмыстарының нәтижесінде еттік бағыттағы асыл тұқымды «Еділбай» қойы мен жабы тектес «Мұғалжар» жылқысының асыл тұқымды жаңа тұрпаттары шығарылып өсіріледі. Жыл сайын өткізілетін Бүкілодақтық

және республикалық Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмелерінде шаруашылықтың асыл тұқымды қойлары мен жылқылары қатыстырылып, өз тұқымдары арасында жеңімпаз атанып, медаль-дипломдармен марапатталады.

Мағауия 1988 жылдың аяғында жұмыстағы мол тәжірибесі, ұйымдастыру қабілеті ескеріліп Ақадыр аудандық ауыл шаруашылығы департаментінің бастығы қызметіне ауыстырылады.

1991 жылы КСРО тарап, еліміз тәуелсіздікке алғаш қадам басқан өтпелі кезең басталғаны белгілі. Онда уақыт талабына сай ауданның ауыл шаруашылығы саласын реформалау жұмыстарының заңдылыққа сай жүргізілуін қамтамасыз етіп отырады.

1997 жылы Ақадыр мен Шет ауданы біріктірілген уақытта, енді туған ауылымда еңбек етемін деп, отыз жылдан кейін өзінің туып-өскен Ақсу-Аюлысына оралғанды. Әуелі, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында басшылық қызмет атқарып, 1999 жылы жаңадан ұйымдасқан ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Шет аудандық аумақтық басқармасының бастығы қызметіне тағайындалды. Мекеме жұмысының облыс аудандары арасында алдыңғы қатарда болуын қамтамасыз етті. 2005 жылы зейнеткерлік жасқа үлкен де, қызметін біліктілікпен, ұлы жауапкершілікпен атқаратыны ескеріліп, сол лауазымда тағы да екі жылдай қызмет істеді.

Мағауия еңбек жолында үнемі өсу үстінде болып, кеңшар, аудан деңгейіндегі лауазымды қызметтерді абыроймен атқарғанына қанағаттанғанын былайша білдірген еді, «Өміріме ризамын, адамгершілігі жоғары, білікті

азаматтармен кездесіп, қызмет атқардым. Терең білімді, парасатты басшыларым болған: К.Медетдинов, К.Дүйсенбеков, И.Колбасин, С.Жұрынбаев, К.Сарханов, Р.Әбдікеремов сынды азаматтардан мол тәлім-тәрбие алып, шыңдалып, нәтижелі қызмет атқардым. Еңбек жолымда жеткен жетістіктерім болса, солардан алған іс тәжірибенің жемісі деп есептеймін» – дейді. Жарты ғасырға жуық уақыт тынбай еңбек етіп, туған ауданының дамуына өз үлесін қосқан Мағауия Медетбекұлының еңбегі лайықты бағаланып, 1964 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 1976 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін», әр жылдары мерекелік медальдармен, екі мәрте ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің және облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2011 жылы Қазақстан Президентінің «Алғыс хатын», 2017 жылы ҚР Ауыл шаруашылығы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Құрметті ардагер» төсбелгісін, 2019 жылы Шет ауданының Құрметті азаматы атағын иеленді.

Өмір жолында жеткен жетістіктері мен қиындықтарын бірге бөліскен, 60 жылдай бірге отасып келе жатқан жұбайы Рысжан Жүсіпқызының еңбегін айтпай кетуге болмайды. Өзі қала тұрғыны бола тұра, ауыл тұрғынына бейімделіп, дәрігер мамандығы бойынша қызмет етіп, адами қасиетімен, біліктілігімен аянбай адал атқарған қызметінің арқасында ауыл адамдарының құрметіне бөленді. Екі мәрте ауылдық Кеңестің депутаты болып сайланған. «Еңбек ардагері», бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

Екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірді. Бәрі де жоғары білімді, отбасын құрған, мамандық бойынша қызметін атқарып жүр. Жеті немересі, үш шөбересі бар. Немерелерінің алды жоғары оқу орнын тәрмамдап, жемісті еңбек етіп жүрсе, кейінгілері оқуларын әрі қарай жалғастыруда.

Сексен жасқа толып отырған досым заман ағымынан қалып қойған жоқ. Алқалы басқосуларда Жаңа Қазақстанның әділеттілік жолына нық қадам басқанына қуана отырып, елдің жетістіктерін көшілікке жеткізіп отырады. Кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық ғибратты ғұмыр кешіп келе жатқан Мағауияны мерейтойымен құттықтап, жан жары Рысжанмен бірге балалары мен немере-шөберелерінің ортасында Алланың сыйлаған қуаныштары ұзағынан көруіне тілек білдіремін!

**Боранбай ЖУМКИН,**  
Шет ауданының  
Құрметті азаматы

## • МЕДИЦИНА

# Пышақсыз ота жасалады

Аймақ медицинасының қарқыны қарымды. Атап айтар болсақ, бұған дейін мүмкін болмаған оталар жасалып, қарағандылық дәрігерлер өз кәсібиліктерін көрсетуде. Соның бірі – бүйректен тасты жаракатсыз алып тастау әдісі.



**Сағынш ӘБІЛ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тас және шөгінділерді жоюдың тиімді әрі қолжетімді әдісі бойынша жыл басынан 24 хирургиялық ота жасалды. Мұндай ота перкутанды нефролитотрипсия көмегімен жүзеге асады. Ота кезінде хирургтар арнайы жабдық – нефроскопты бүйрек қуысына төменгі арқа аймағындағы кішкене тілік арқылы енгізеді. Тас лазер арқылы ұсақ бөлшектерге бөлініп, сыртқа шығарылады.

– Бұл әдіс бүйрекке неспепағар арқылы емес, тері арқылы өтумен ерекшеленеді. Тілік 1 сантиметрден аспайды. Отаның бұл түрін енгізу үшін нефроскоп сатып алдық. Бұл жабдық тіндердің жаракаттануын азайтуға мүмкіндік береді. Мұндай медициналық қызметке қажеттілік болды, сондықтан біз оны халыққа қолжетімді еттік, – дейді №1 көпсалалы аурухана директорының орынбасары Дмит-

рий Матюшко. Науқастарға ота жасау үшін медициналық сақтандыру қорынан 425 мың теңге бөлінген. Заманауи әдістің шарапатын көргендердің бірі – Құралай Айтқенова. Бүйрегінде тас бар екені бір жыл бұрын анықталған. Алайда, сырқаты жанына батқан кезде ғана ақ халаттыларға жүгінеді.

– Қазан айында ота жасалып, 1,3 сантиметрлік тас алынды. Отадан кейін 5 күн өткен соң үйге шықтым. Барлық тексерістер жүзгізілді әрі УДЗ, компьютерлі томография тегін жасалды. Қазір өзімді жақсы сезінемін, – дейді.

Бүйрек тастарын перкутанды нефролитотрипсия әдісімен жою операциясын барлығы бес медициналық ұйым жүзеге асырады. Олар МӘМС пакетіне кіреді және сақтандырылған пациенттер үшін тегін.



## • БАЙҚАУ

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұйымдастырған белгілі тұлға Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдық мерейтойына орай «Арқа даласы – Ақселеу әлемінде» өлкетанулық әдеби-марафоны аясында «Мен оқыдым, Сізге де оқуға кеңес беремін» атты Қарағанды облысының кітапханашылары арасындағы буктрейлер байқауы өз мәресіне жетті. Аталмыш шара облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен жүзеге асты.

**Жансая СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бәсекеге Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Қарағанды облысы кітапханалар жүйесінің қызметкерлері қатысты. Қатысушылардың жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ. Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен шығармашылығын инновациялық нысандар арқылы насихаттау, кітапхана қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін таныту, кітап оқу дағдысын дамытудың дәстүрлі емес әдістерін жүзеге асыруды мақсат еткен байқаудың ережесі 10 сәуір күні жарияланған. Кітап маңызын арттырып, оқырманды әдебиетке баулитын байқауға өңірміздің Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңарқа, Қарқаралы, Нұра, Шет

# Кітап-трейлер



аудандары мен Саран, Сәтбаев, Қаражал, Приозерск, Шахтинск қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінен және Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан барлығы 33 кітапханашыдан өтінім түскен.

Байқауға қатысушылардың жұмысын қазылар алқасы саралап, әділ бағасын берді. Осынау салтанатты шарада кітапхана басшысы Дина Аманжолова құттықтау сөз сөйлеп, кітапхана кәсібінің

беделін арттыруға бағытталған байқаудың маңызын атап өтті. Сонымен жүзден жүйрік жүздегерлер қатарында арнайы диплом және 35 мың теңге ақшалай сыйлықпен «Аққыз» буктрейлері үшін Абай ауданының ОКЖ, Топар кенті кітапханашысы Салтанат Ербаева және Қаражал қалалық ОКЖ, №12 филиалының кітапханашысы Бағила Болатова марапатталды. ІІІ орын дипломы және 70 мың теңге қаржылай сыйы – «Аққыз» буктрейлері

үшін Нұра ауданының ОКЖ кітапханашысы Арайлым Махметоваға және «Күңгір-күңгір күмбездер» буктрейлері үшін Қарқаралы ауданының ОКЖ Көктас №1 моделді кітапхананың кітапханашысы Рымбала Күмісбаеваға берілді. Ал, ІІ орын дипломы және 100 мың ақшалай сыйлығы «Қазақ әлемі» буктрейлері үшін Бұқар жырау атындағы Шахтинск ОКЖ кітапханашылары Қарлығаш Тоқмағанбетова мен Аяулым Сарсенбекова, Руден-

ко Еленаға табысталды. Сонымен қатар, «Рамазан мерген» буктрейлері үшін Шет ауданының ОКЖ кітапханашылары Дидар Байдалин, Алтынай Медеубекова марапатталды. Ал, І орын дипломы және 150 мың ақшалай марапаты «Мир казахов» буктрейлері үшін Н.Гоголь атындағы ОӘҒК қызметкері Елена Абрамчукка берілді. Осынау сайстың бас жүлдесі хәм 200 мың ақшалай сыйлығы «Тауға біткен жалбыз» буктрейлері үшін Шет ауданының ОКЖ кітапханашылары Бақдәулет Көпбаев пен Айгүл Исатаеваға бұйырды.

Ігі шарада Қ.Байжанов атындағы КБ әншісі, бірнеше халықаралық өн байқауларының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Сержан Мұсайын Ақаннің ел ішіне кең тараған «Сарыарқа», «Дәурен-ай» әндерін орындады. Одан әрі Тәттімбеттің күйі «Көкейкестіні» танымал күйші Елжас Кәрімов орындап, көрермен ықыласына бөленді. Одан бөлек жиналған жұрттың назарына Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері хәм «Жыр-Жауһар» шығармашылық орталығының мүшелері Тілеужан Қамыспай, Ералы Ғани, Ерсұлтан Нұртай, Нұрмахан Рысқұл Ақселеу Сейдімбектің «Тауға біткен жалбыз» әңгімесінен үзінді оқыды.

Расында, Ақселеу Сейдімбектің мұрасы ешқашан өлмейтінін, керісінше уақыт өткен сайын қазақтың ұлттық ерекшеліктерін зерттеп, зерделеген жан үшін қуны арта беретіндігін осы шара айқындап бергендей еді.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Актоғай ауданының Шашубай кентінде жаңа наубайхана ашылды. Нан мен тоқаш өнімдерінің сан алуан түрін пісіретін наубайхана болашақта шашубайлықтарды 30 пайыз нанмен қамтамасыз етеді.

«Шашу» демалыс орны жанынан ашылған жаңа бизнестің арқасында, мұнда піскен нанның иісі аңқып, келушілердің де қатары артқан. Өз қаражатына наубайхана ашқан Риза Зкрина бұл кәсібін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Айта кетейік, бұған дейін қонақ үй, дәмхана, тойхана қызметімен айналысатын кәсіпкер наубайхана ісін де қосымша жандандырмақшы. Қолындағы қаражатқа наубайханаға қажетті пештер, нан илгітін машиналар мен тағы басқа жабдық сатып алған. Бір мезетте 250 болке

## Шашубайда наубайхана ашылды



пісіретін арнайы пеш орнатылған.

– Көпшілігі жұмысы ауыр ғой деп жатады. Алайда, несібе өздігінен келе бермейді. Тура жүріп, адал еңбек етсең ғана түбі қайтарымы болады. Оның жемісін бүгін көріп

отырмыз. Дайын өнімдерді кент ішіндегі дүкендерге арзан бағада өткіземіз. Одан бөлек, тұтынушылардың қалауына орай тапсырысқа да тәттілер қабылдаймыз. Алдағы уақытта ауылымызда кәсіпкер-

лердің қатары көбейе түсеріне сенім мол, – дейді кәсіпкер Риза Зкрина.

Актоғай ауданы

## Ғабдрахман Игілікұлы ОМАРОВ

2022 жылы 11 қарашада Ғабдрахман Игілікұлы Омаров дүниеден өтті.

Ғ.Омаров 1960 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында туған. Танымал дәстүрлі әнші Игілік Омаров пен ардагер ұстаз Сараның өнегелі, өнерлі отбасында тәрбиеленген. Қарағанды политехникалық институтын, Қарағанды қаржы институтын бітірген.



Еңбек жолын Жаңаарқа ауданы Түгіскен елді мекенінде механизатор болып бастаған. 1986-2001 жылдары кәсіподақ ұйымдарында, 2005 жылдан бастап мемлекеттік қызметте түрлі лауазымдарда еңбек етті. 2005-2009 жылдары Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының әкімдігінде бас маман, бөлім бастығы, аудан әкімінің орынбасары, Қарағанды қаласы тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. 2009-2011 жылдары Актоғай ауданының әкімі, 2011-2017 жылдары Жаңаарқа ауданының әкімі.

Ғ.Омаров түрлі саладағы жауапты қызметтерінде адал еңбек етіп, халықтың әлеуетін нығайтып, әлеуметтік жағдайын арттыруға атсалысты. Туған топырағына қызмет етіп, өнер мен өңірді өркендетуге үлес қосты. Елеулі жетістіктері мен айрықша еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ардақты азаматтың жарқын бейнесі мен қажырлы қызметі ел есінде мәңгі сақталады. Отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Б.Әбдіғалиұлы, Б.К.Шығысов, А.С.Бәрекезов, Ұ.Т.Үсенов, Ғ.М.Құсманғали, А.А.Жайлыбаев, С.Ұ.Қожамсейітов, Е.Сатыбалдин, А.Рахұлы №788

● БАЙҚАУ

## Бейнероликте – батырлар



Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Өшпес ерлік» жобасы аясында халықаралық интернет байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. «Жеңіс батырлары» деген атпен ұйымдастырылған халықаралық конкурс ІІ дүниежүзілік соғыста ерлік жасаған Т.Бигелдинов, М.Мәметова, Х.Доспанованың туғанына 100 жыл толуына арналды.

Конкурсқа облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы қолдау білдірді. Шара басқарма басшысы Е.Жұмакеновтің бейнеқұттықтауымен басталды. Тоғыз ай мерекесінде жинақталған бейнеролик иелері — 15-24 жасқа дейінгі ТМД елдерінің жастары. Қазылар алқасының төрайымы Е.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры Зәуреш Сақтаганова барлығы 97 бейнеролик келіп түскенін хабарлады. Шет елден Ресей мен Беларусь мобилографтары бар екен.

Бас бөйге Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауылы Т.Жароков атындағы мектептің 10-сынып оқушысы Алина Амангелдіге бұйырды. Жеңімпаздарға түрлі дәрежедегі дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Салтанаты келіскен шара соңында Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік әртістері әннен шашу шашты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТПК «БАС» ЖШС әсер етуге рұқсат алу мақсатында мемлекеттік экологиялық сараптаманы өткізу бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар басталғаны туралы хабарлайды.

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 27 желтоқсанда сағат 10.00-де Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласы, Абай көшесі, 26 «Абай қаласы әкімінің аппараты» ММ мекенжайы бойынша өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу жеке куәлікпен (өзіндік бірге жеке куәлігіңіз болуы керек) жүзеге асырылады.

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде

карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6913820267?pwd=VTc0TndHL0dqQnRZVm9iS2NuL1Q4dz09> Идентификаторы: 6913820267. Кіру коды: sV0iA8

Материалдармен бірінші экологиялық порталда танысуға болады: <https://ecportal.kz> сондай-ақ, Қарағанды облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Қарағанды қ., Лобода көш. 20, электрондық пошта мекенжайы: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ТПК «БАС» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы в целях получения разрешения на возведение.

Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 27.12.2022 года в 10:00 по адресу Карагандинская область, Абайский район, г.Абай, улица Абая, 26 ГУ «Аппарат акима г. Абай». Регистрация участников общественных слушаний осуществляется по удостоверению личности (необходимо иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе

карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/6913820267?pwd=VTc0TndHL0dqQnRZVm9iS2NuL1Q4dz09> Идентификатор конференции 6913820267. Код доступа: sV0iA8 всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>; также запросить в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования» Карагандинской области по адресу г.Караганда, ул.Лобода, 20, эл. почта [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

mail.ru.

Замечания и предложения принимаются по ссылке <https://ecportal.kz> и по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел 8 (7212) 56-81-66, [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

Дополнительную информацию можно получить: ТОО НПК «АлГеоритм» – [info@algeoritm.kz](mailto:info@algeoritm.kz), сот. 8 702 888 33 77.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «ТПК «БАС», БИН 010840001850, Юридический адрес предприятия: 100003, Республика Казахстан, Карагандинская обл., Абайский район, г. Абай, микрорайон 3, строение 43.

№288

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Биікке самға жас қыран



Қарағанды қаласындағы №18 мектептің белсенді оқушылары «Жас Қыран» және «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданды.

Салтанатты жиында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Сатмолдина сөз сөйлеп, оқушыларды құр-

тықтады. Әрі аталған ұйымның ерекшелігіне де тоқталды.

– Біздің мақсат – оқушыларға қай жағынан болсын қолдау көрсетіп, болашағына жол ашу. Ал, ұйымның мақсаты да осы ұстаныммен байланысты. Өскеден ұрпақтың бойына патриоттық сезімді дарытып, жауапкершілікке тәрбиелеу. Әр оқушының бойында елге, жерге деген сүйіспеншілік болуы қажет. Біз сондай ұландарымызбен

мақтанамыз!, – деді Г.Сатмолдина.

Шара барысында мектептің аға тәлімгері Ұлан басының рапортын қабылдап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар, ардагерлерден құралған «Көзкөргендер» тобы арнайы шақыртылып, салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Ж.САЙЛАУБАЕВА,  
№18 мектептің аға тәлімгері

● «БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ»

## Кітап оқыған озады



Сурет интернеттен алынды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп кітапханасының қызметкерлері оқушыларды кітап оқуға баулуға тығғылықты жұмыс атқарып келеді. Кітапхана қабырғасында түрлі іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Жылдың 3 «Ә» сынып оқушыларының қатысуымен арнайы сабақ өтті.

Кітап – қазына. Адамның білімін толықтырып, ой-өрісін дамытуда, ойлау қабілетін қалыптастыруда таптырмас құрал. Ал, кітапхана – адам сол қазынамен бетпе-бет келетін, сырласатын жалғыз орын.

Және кітапхана баланың теледидардан, телефоннан және компьютерден – жалпы интернет әлемінен бір сәтке болсын алшақтауына үлкен септігін тигізеді. Кездесуде осы маңызды міндетті мұрат тұтқан кітапхана қызметкерлері оқушыларға жаңа келген кітаптарды таныстырды.

Оқушылар Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» атты әңгімесін оқып, талқылады. Үш топқа бөлініп, оқылған мәтін бойынша берілген суреттерді ретімен орналастырды. Әңгіменің мазмұнын айтып берді.

Сонымен қатар, сұрақ-жауап әдісі бойынша осы әңгімеге қатысты пазлдарды жинақтап, бір топ мүшелері келесі топ мүшелерінен құрастырылған кескінің мәтінін қай бөлігіне жататынын сұрады.

Сабақ соңында оқушылар сахналық қойылымды тамашалады. Осылайша, жан-жақты сарапталған сабақ оқушылардың ойында ұзақ уақыт есте қалардай болып өтті.

Ариана АШЫКБАЕВА,  
Ә.Бөкейхан атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Электрондық пошта:  
[ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

Жаңалықтан құр қалмаңыз!  
«ОРТАЛЫҚТЫ» САЙТТАН ДА ОҚЫҢЫЗ  
[www.ortalyq.kz](http://www.ortalyq.kz)

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңілдетілген бағамен  
• жеңілдетілген бағамен  
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін  
• арнайы техникалар үшін

БӘ АРАҢ ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БӘ АРАҢДА БАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
тел. 8 707 80 35 800

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



## ӨНЕР ЖӘРМӨҢКЕСІ

# Жас өнерпаздар бас қосты

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз» – деген еді Мемлекет басшысы жастармен кездесуінде. Өнерлі жастарды қолдау мақсатында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлы, ақын Асхат Қажытайдың ұйымдастыруымен «PIANO» ғимаратының шығармашылық залында «Менің елім» атты Қарағанды облысының жас каламгерлері мен өнерпаздары қатысқан өнер жәрмөңкесі өтті.

Бұған дейін ауыл шаруашылық жәрмөңкелері мен бос жұмыс орындары жәрмөңкесін ғана көріп жүрген қала тұрғындары осы жолы саф өнердің жәрмөңкесіне куә болды. Бұл аймақтағы өнер, мәдениет саласында рухани осу бар деген сөз. Ел азық-түлік пен жұмыс іздеп қана қоймай, рухани ләззат іздеп осы кешке арнайы келді.

Өнер жәрмөңкесіне жас ақындар, жас дәстүрлі немесе эстрадалық ән орындаушылары, жас суретшілер, жас күйшілер, жас қобызшылар қатысты. Барлығы 35 жасқа дейінгі 30 өнерпаз бас қосып, кештің көрігін қыздырды.

Ауқымды іс-шараны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары, жастар мен өнер жанылары Ерлан Нелдібаев, Қазақстан Суретшілер одағы Қарағанды облыстық филиалының өкілі, белгілі қылқалам шебері, Еуразиялық Дизайнерлер одағының мүшесі Еркін Темірғалиев сөз сөйлеп ашты.

Алдымен, шығармашылық залдың бірінші бөлігінде осы жәрмөңкеге қатысқан аймақтың жеті суретшісі Еркін Темірғалиев (Қарағанды), Жаңабек Жұмабеков (Қарқаралы), Елена Карягина (Теміртау), Ақерке Рахад (Бұқар жырау), Назира Байырғалиева (Шахтинск), Яна Егорова (Теміртау), Камила Касимова (Теміртау) қылқаламынан туған картиналар ел назарына ұсынылды. Жанды дауыста музыкалық аспаптарда түрлі



композиция орындалды. Жиылған жұрт картиналардың авторымен және жұмыстардың туу тарихымен танысты. Жалпы суретшілік өнер хақында пікір алмасып, ұлы суретшілерді де тілге тиек етті. «Сурет – сөздің бояуға айналған түрі» деген сөздің ақиқат екендігіне тағы бір мәрте көз жеткізді. Жаңа жағымды атмосфера жәрмөңкенің екінші бөлігіне деген елдің ынтасын оятып, қызығушылығын арттырды.

– Мұндай өнер жәрмөңкесін бұрын көрмеппін. Әсіресе, жас суретшілердің суреттері қатты әсер етті. Қаладағы бейнелеу өнері мұражайындағы көрмелерде көбіне атакты суретшілердің еңбектері қойылады. Солардың жолын жалғап жүрген керемет суретші жерестеріміз бар екеніне қуанып тұрмын. Ақындар Жанат Жаңқашұлы мен Асхат Қажытай бұған дейін де бірнеше тың дүние ұйымдастырып, елдің алғысына бөленген. Орталық саябақта өткізген поэзия кешіне де қатысқанмын. Бұл жолы да елді жалықтырмайтын саф өнердегі жастардың басын қосып, достастырып жатыр. Бірқатар дос таптым. Өлең жазғандықтан сурет өнері жаным жақын. Жалпы, өнердің бәрі тамырлас қой. Осындағы картиналарды көріп, шабытым оянып тұр, – деп әсерімен бөлісті жәрмөңкеге қатысушы талантты жас ақын Еркебұлан Елеусізұлы.

Арқа – қазақ өнерінің қарашанырағына айналған киелі өлке. Оған бағзыдан тартып дәлел келтіруге болады. Сөз өнерінде күллі Алаш жұртының мақтанышына айналған Қаздауысты Қазыбек би, Бұқар жырау, Сәкен Сейфуллин, Қасым Аманжолов, Серік Ақсұңқарұлы



сынды дүлдүлдер бар. Ән өнері десек, Жүсіпбек Елебеков, Күләш Бәйсейітова, Манарбек Ержан, Мейірхан Адамбековтердің салған әні құлақта тұр. Күй десең, Тәттімбеттен тартып, Қыздарбек, Дайрабай, Ақкыз, Әбікен, Мағауия Хамзиндердің күйінің күмбірі естіледі. Ал, сурет өнері жайлы айтса, одан да терең сак дәуіріне тартып, танбалы тастар мен алтын қорымдарды сөйлетуге болады.

Шығармашылық залдың екінші бөлігі ашылғанда аргы жағынан жас талантты күйші Мадияр Сүлейменов күмбірте күй төгіп отырды. Дуылдаған жәрмөңке қайта қыза түсті. Бұл жолы әдеттегіден өзгекер болды. Жүргізушісіз еркін форматта жалғасты шара. Яғни, қатысушылар өздері бірін-бірі хабарлап отырды. Уақыт та үнемделді, елдің ойы да бөлінбеді, шаршаған да жоқ. Экраннан орындалған өнер туындысының мағынасын ашатын бейнежазбалар, суреттер көрсетіліп тұрды.

Атап айтсақ, жас ақындар Ерік Нарын, Әділет Шопен, Салтанат Қайырбек, Бек Ноғайбайұлы, Жанерке Кәдірбек, Еркебұлан Елеусіз, Бектас Жұман, Шұғыла Ойрат, Тілеужан Қамыспай, Нұрәулет Марат жырдан шашу шашып, елді сөздің сиқырына ұйытса, күйшілер Мадияр Сүлейменов, Әділхан Саят, Темірлан Азаматұлы пен қобызшы Әмір Аманкелді елді тарихтың тереңіне жетелей жөнелді.

Ал, жас та болса аймақты елімізге танытып жүрген күміскөмей әншілер Саян Бөдес, Арайлым Жүкенова, Балауса Әбдуалиева, әнші Шыңғыс Сәрсенбай, әнші, сазгер Баян Абай, Азамат Сәкен, Қуандық Төкен және «Арай» квартеті әуелете ән шырмап, жүректі жадыратты.

Кеш соңында өнер жәрмөңкесінің өтуіне ұйытқы болған Жанат Жаңқашұлына сөз сөйлеп, қолдау көрсеткен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына, шығармашылық алаңын ұсынған «PIANO» ғимаратының басшылығына және алтын уақытын киіп келген өнер жаныларына, қатысушыларға шексіз алғысын жеткізді.

## ФУТБОЛ

# Әлем чемпионатына бір күн қалды

Көптен күткен әлем чемпионатының басталуына бір күн ғана қалды. Ал, Қатар өз тарихындағы ең маңызды спорт турнирін өткізбек. Кездесулер үшін арнайы сегіз арена дайындалған. Ақтық кезең ел астанасы – Дохада өтеді деп жоспарлануда.

Футболдан әлем чемпионаты алғаш рет қыс мезгілінде өтпек. Сондықтан, әр стадионға кондиционер орнатылған. Қатар әлем чемпионатын өткізуге өтініш бергенде елде тек бір ғана стадион болған екен. Әлем кубогі үшін жаңадан жеті стадион, 100-ден аса қонақ үй мен жол салған. Ал, осының бәрі үшін 200 млрд. доллар жұмсаған екен. Тарихқа көз жүгіртсек, әлем чемпионаты өткен елдердің ішіндегі ең көп қаржы жұмсаған – Қатар мемлекеті екен.

Әлем чемпионатына іріктеуден өткен 32 елдің құрамасы қатысып, төрт-төрттен сегіз топқа бөлінген. Әр топтан I-II орын иеленген команда 1/8 финалға шығады. Турнир одан әрі олимпиадалық жүйемен (ширек финал, жартылай финал, финал) жалғасады. Жартылай финалда жеңген командалар финалда ойнаса, жеңілген командалар қола жүлдеге таласады.

Топтық кезең 20 қараша-2 желтоқсанда, 1/8 финал 3-6 желтоқсанда, ширек финал 9-10 желтоқсанда, жартылай финал 13-14 желтоқсанда, III орын үшін кездесу – 17 желтоқсанда өтпек. Ал, чемпиондық атақ үшін талас – 18 желтоқсанда болады.

Reuters агенттігі нарық эксперттері мен экономистер арасында сауалнама жүргізген еді. Сол уақытта сарапшылардың 46%-ы Бразилияны фаворит санаған. Одан кейінгі орында 15%-бен – Аргентина, 14%-бен – Франция тұр. Ал, британиялық The Telegraph басшылығы букмекерлік кенеселердің болжамдарына сүйенсек, 21% көрсеткішпен Бразилияны басты фаворит деп санайды. Сонымен қатар, Аргентина, Франция, Англия, Испания, Германия, Нидерланд, Португалия, Бельгия құрамалары да фавориттер қатарында бар.

Сондай-ақ, FIFA мәліметіне сүйенсек, әлем кубогін иеленген құрама 42 млн. долларға ие болады делінген. Күміс жүлде үшін – 30 млн. доллар, III орын үшін – 27 млн. доллар алмақ. Тіпті, жүлдегерлерді де құр қол қайтармайтын көрінеді.

## Ел құрамасы есе жіберді

Футболдан Қазақстан құрамасы сырт алаңда Өзбекстан құрамасымен жолдасқы кездесу өткізіп, 0:2 есебімен жеңіліп қалды.



Қос команда соңғы рет 2007 жылы кездескен. Бұл уақытта жерлестер өз алаңында 1:1 есебімен тең түсіпті. Бұл жолы отандастарымыз жақсы ойын өрнегін көрсеткенімен, сәттілік жетіспегендей.

Алаң иелері 12-ші минутта есеп ашты. Хожимат Эркинов өзіне әуелете асырылған пасты сәтті қағып алып, қақпаға бағыттады. Өкінішке қарай, айып алаңның ішінен бағытталған доп қақпаға кіріп кетті. Есеп – 1:1.

Мұнымен өзбекстандықтар шабуылын тоқтатпады. Алғашқы таймның аяқталуына сәл қалғанда Эльдор Шомуродов есепті еселеді. Өзбекстандық шабуылшы қорғаушыларды алдап өтіп, қақпашыдан ийаласын асырды. Ойынның екінші таймында отандастарымыз басымдыққа ие болғанымен бағытталған соққыларынан нәтиже тіркелмеді.

Бұдан кейін қазақстандықтар 19-ы күні Біріккен Араб Әмірліктері құрамасымен кездеседі.

Дайындаған  
Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## КЕШ

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Руханияттың қарашанырағы Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Жыр-Жауһар» шығармашыл жастар орталығының мүшелері, өлеңге талаптып жүрген жас өрендер Нұрәулет Бақытұлы мен Тілеужан Ерганапұлының «Жалын. Жүрек. Жыр...» атты поэзия кеші өтті. Шара орталықтың шығармашылық жоспарына сәйкес, орталық іргесін қалаушылардың бірі, ақын Эльмира Сайлауқызының бастамасымен ұйымдастырылды.

Облыстық жастар саясаты мәселесі жөніндегі басқарманың тапсырысы бойынша жүзеге асып жатқан «Jas fund» жобасы аясында қолға алынған кешке алдыңғы буын аға-әпкелер, орталық мүшелері мен студенттер қатысты.

Мақсаты – өнер өлкесіне қанат қаққан

## «Толқыннан толқын туады...»



жас таланттарды қолдау. Аға буын мен жастардың арасында байланыс орнату. Кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітап оқитын адамның беделін көтеру. Белсенді өмірлік ұстанымдарының дамуына ықпал ету.

Кеш барысында екі жас өрен өлеңдерін көсіле оқып, авторлық әндері орындалды. Екеуі де Е.Бөкетов атындағы КарУ-дың студенті. Нұрәулет – Карка-

ралы ауданы, Қарағаш ауылының тумасы болса, Тілеужан – қалалық. Алғашқысы – азаматтық лирикаға құлаш сермегісі келетінін байқатса, екіншісі – махаббатты жастық шағымда жырлаймын деп тебініп тұр.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті филология факультетінің деканы Елдос Түйте, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұржан Ағыбайұлы,

ақын, Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектеп директоры Айнұр Тұрсынбекқызы, КарУ студенттері үйінді басшысы Бектас Жұман, «Жыр-Жауһар» шығармашылық орталығының алдыңғы толқыны, ақындар Еркебұлан Елеусіз, Ерік Нарын, Бек Ноғайбайұлы қос талапкерге жылы лебізін білдіріп, ақ жол тіледі. Ақындар жырдан шашу шашты. «Бота», «Балауса», «Ұлағат» шығармашылық орталықтарының Құттықтау хаты табысталды.

Кеш соңында шараның басы-қасында жүрген Эльмира Сайлауқызы мен кітапхана директоры, руханияттың қызғыш құсындай болған Дина Аманжолова қорытынды сөз сөйлеп, жастарға шығармашылық табыс тіледі, көпшілікке алғыс айтты.

Бүгінде «Жыр-Жауһар» шығармашылық орталығы мүшелерінің біразының бірнеше жинағы жарық көрген, елімізге танылып та үлгерді. Бірқатары Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Суретті түсірген  
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Біздің сайт: [www.ortalyq.kz](http://www.ortalyq.kz)

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: [ortalyk.kz@gmail.com](mailto:ortalyk.kz@gmail.com) [ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

Жарнама бөлімі: [ortalyk.reklama@mail.ru](mailto:ortalyk.reklama@mail.ru)

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ:  
«Сауатқа адрат» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі  
Директор Қайрат ӘБІДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы  
Оксана МЯГКИХ  
Директордың орынбасары  
Гүлмира ЖҰМАДІЛДИНОВА  
Бас редактор  
Еркін МҮСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Назым ДҮТБАЙ  
Интернет-редакция редакторы  
Ілияс МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы  
Қасымхан АЛЫМ

Телефондар:  
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Экономика бөлімі: 43-31-77  
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88  
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72  
Әлеумет бөлімі: 43-49-72  
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92  
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;  
Компьютер орталығы: 43-58-08.  
Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19  
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

• Редакция 3 компьютерлік беттен асытын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.  
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген.  
• Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.



«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZKBKZKX БИН 000840001412  
№129 тапсырыс. Индекс 65484  
Орсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ,  
Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік  
орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор  
Ербол ЕРБОЛАТ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.